

AL-FARABI.kz

№ 1/2015



Редакционная коллегия журнала «Al-Farabi-kz»

Мутанов Г.М., ректор КазНУ
им. аль-Фараби, главный редактор
Буркитбаев М.М., первый проректор,
зам. главного редактора
Ахмед-Заки Д.Ж., проректор по учебной работе
Бектемисов М.А., проректор по экономическим и
производственным вопросам
Рамазанов Т.С., проректор
по научно-инновационной деятельности
Джаманбалаева Ш.Е., проректор
по социальному развитию
Шаукенова З.К., проректор
по интеграции науки и образования
Кирабаева Ш.А., директор РНЦП «Дарын»
Шимашева Р.С., начальник управления
образования г.Алматы
Абдиманулы О., декан факультета филологии,
литературоведения и мировых языков
Байдельдинов Д.Л., декан
юридического факультета
Давлетов А.Е., декан
физико-технического факультета
Джубатова Б.Ж., декан факультета
востоковедения
Ермекебаева Б.Ж., декан факультета
Высшей школы экономики и бизнеса
Жаппасов Ж.Е., декан факультета
двуязычного образования
Жумадилов А.К., декан факультета
истории, археологии и этнологии
Кыдырбекұлы А.Б., декан
механико-математического факультета
Масалимова А.Р., декан факультета
философии и политологии
Медеубек С., декан факультета журналистики
Онгарбаев Е.К., декан факультета
химии и химической технологии
Сальников В.Г., декан факультета
географии природопользования
Заядан Б.К., декан факультета
биологии и биотехнологии
Шакиров К.Н., декан факультета
международных отношений
Асан А.Т., директор издательского дома
«Қазақ университеті»
Сапаров Б.Ж., директор ЦПР «Абитуриент»,
ответственный секретарь

Составитель:
Аханова С.Н.
Корректоры:
Бекбердиева Г., Имангалиева А.
Компьютерная верстка:
Калиева А.

Содержание

Новости КазНУ	2
<i>Карипбаева Г.А., Сарбаева Р.Е.</i> Фестиваль науки «Шаг в будущее» в НИШ г. Семей интеллектуальная олимпиада «аль-фараби» КазНУ	3
Олимпиада «Аль-Фараби»	5
Қазақ тілі	5
Русская литература	8
Английский язык	10
Школа умов	12
<i>Ғабитов Т.</i> Қазақстандағы инновациялық мәдениет	12
<i>Тойғанбекова М.Ш.</i> Тілді оқыту үрдісін ұйымдастырудың инновациялық жолдары	16
<i>Ковалева И.М.</i> Мектеп оқушыларына арналған «Ықтималдықтар теориясының» есептері	18
<i>Оспанова Г.Т.</i> Білім беру жүйесін заманауи талаптар үдесіне сай жетілдіру	20
<i>Дүйсебаева К.Д., Аймырзаева Г.С., Дүйсебаева Х.</i> География сабақтарында жаңа технологияны тиімді пайдалану	25
<i>Үмбетов М.</i> Әдебиетті оқыту әдістемесінің бастау көздері	29
Наследие	34
<i>Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф.</i> Аль-Фараби о суфизме	34
Моя будущая профессия	39
<i>Ережепова А.А.</i> Академическая мобильность – интеграция в международное образовательное пространство (для выпускников школ)	39
<i>Товма Н.А.</i> Моя будущая профессия - бухгалтер	41
<i>Нургожина Ш.</i> Журналист и деловой мир Казахстана	43
<i>Тыныбеков С.Т., Ермухаметова С.Р., Кусаинова А.К.</i> Казахский национальный университет имени аль-Фараби – фундамент высшего юридического образования Республики Казахстан	48
<i>Мадиева Г.Б.</i> О специальности «Физическая культура и спорт»	52
<i>Жарболова А.Ж.</i> ҚазҰУ-да білікті заңгер болуға машықтану – бүгінгі заман талабы	54
<i>Қыдырмоллаева Э.</i> «Әлеуметтік жұмыс» - «Қазақстан-2050 стратегиясында» қолдау тапқан мамандық	57
<i>Жауынбай Т.</i> Абитуриент жолдастар, мамандығыңызды дұрыс таңдай біліңіз!	59
<i>Әлдибай И.Қ.</i> Менің болашақ мамандығым	59
«ВОПРОС-ОТВЕТ»	61
СТРАНИЧКА ЮМОРА	63

AL-FARABI.kz

№ 1/2015

ИБ № 8030

Подписано в печать 18.03.2015. Формат 70х100 1/16.

Печать цифровая. Объем 4,5 п.л. Тираж 50 экз. Заказ №467.

Издательский дом «Қазақ университеті»

Казахского национального университета им. аль-Фараби. 050040,
г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.Отпечатано в типографии издательского дома
«Қазақ университеті».

Свидетельство о постановке на учет
периодического печатного издания и
(или) информационного агентства
№12280-Ж
г. Астана, 2.02.2012 г.



ҚазҰУ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

НОВОСТИ КазНУ

ҚазҰУ Әлем университеттері консорциумына
(WUC) мүше болды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әлем университеттері консорциумының (WUC) толыққанды мүшесіне айналды. Еліміздің білім беру саласының мойындалған көшбасшысы өзінің жоғары беделі мен халықаралық талаптарға сай дәрежесін тағы бір дәлелдеді.



Әлем университеттері консорциумы ғаламның жетекші ЖОО-лары мен ғылым мен білім беру саласындағы халықаралық ұйымдарды біріктіреді. Оның міндеті адамзаттың маңызды мәселелерін шешуде университеттердің рөлін арттыру, қолжетімді және сапалы білімді жан-жақты қолдау, білім беру жүйелерін жетілдіру болып табылады. Әсіресе, студенттер әлеуетін арттыруға, олардың теориядан алған білімдерін іс жүзінде қолдануына ерекше көңіл бөлінеді. Айта кетерлігі, әр мемлекеттен тек бір ғана университет WUC мүшесі бола алады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – осындай жаһандық халықаралық білім беру қауымдастығына мүше болу мәртебесіне ие болған Орта Азиядағы алғашқы және жалғыз университет. Соңғы жылдары ЖОО жетекші рейтингтерінде қарқынмен алға жылжуда, халықаралық ынтымақтастықты кеңейте отырып, әлемдік деңгейдегі форумдар мен конференциялар өткізуде.

WUC мүшесі бола отырып ҚазҰУ енді әлемнің атақты ЖОО-ларының ғана емес, Бүкіләлемдік өнер және ғылым академиясы, Халықаралық Жасыл Крест, Халықаралық университет президенттерінің ассоциациясы, Мәдени дипломатия институты, Александрия кітапханасы және басқа да беделді ұйымдардың әріптесі болып табылады. Бұл әлемде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің имиджі мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруге сөзсіз ықпал етеді.

Баспасөз қызметі

ФЕСТИВАЛЬ НАУКИ «ШАГ В БУДУЩЕЕ» В НИШ г. СЕМЕЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ОЛИМПИАДА «АЛЬ-ФАРАБИ» КАЗНУ



В 2009 году в КазНУ стартовала теперь уже ежегодная предметная Олимпиада «Аль-Фараби», в которой имеют возможность участвовать учащиеся выпускных классов со всего Казахстана. Преподаватели кафедры дипломатического перевода Сарбаева Р.Е. и Карипбаева Г.А. (англ. язык), Манабаева Ж.Д. (франц. язык) и Котиева Л.М. (немец. язык) принимают активное участие в работе Олимпиады.

В 2014 году по инициативе проректора КазНУ имени аль-Фараби по учебной работе доктора технических наук Ахмед-Заки Д.Ж. юбилейная – пятая Олимпиада «Аль-Фараби» проходила в новом формате. Первые два тура прошли в on-line режиме в феврале. Заявки подали более семи тысяч учеников 11-х классов со всей Республики. В результате к третьему туру, который проходил 27-29 марта в Алматы, вышли 63 ученика, приехавшие в КазГУград со всех концов нашей огромной страны. Самое большее количество выпускников, прошедших 2 тура, было по английскому языку. Это говорит о том, что одна из важнейших идей нашего Президента – «Триединство языков» – нашла

отклик у молодёжи. В школах преподавание иностранных языков, особенно английского, поставлено на высокий уровень. На третьем туре по английскому языку первым заданием было написание и презентация эссе на тему «Триединство языков». Учащиеся рассказали о необходимости владения тремя языкам, о задачах, которые стоят перед будущими поколениями. Во время презентации ученики свободно разговаривали как на казахском, так и на английском языках, они применяли пословицы и поговорки, цитировали, раскрывая свое понимание идеи Лидера Нации. В своих работах участники коснулись и стратегии нашего государства «Казахстан-2050». Хамзина Мадина, приехавшая из далёкого Петропавловска, заняла 1-е место по секции «английский язык». Нужно отметить, что все участники, занявшие первое место, получили гранты ректора КазНУ, 2-е место – 50% скидка в оплате за обучение и 3-е место – скидка 25%!

К слову, нам бы хотелось рассказать и о Фестивале Науки «Шаг в будущее», который проводится в Назарбаев Интел-



лектуальной школе физико-математического направления г. Семей. В 2013 году в работе фестиваля принимали участие ученики с научными проектами по точным и естественным наукам. В 2014 году администрация «НИШ г. Семей» решила расширить круг участников, пригласив к участию и гуманитариев. В работе фестиваля приняли участие ученики 7-10 классов со всех концов нашей страны. Они представили свои стендовые проекты и защищали перед каждым членом жюри и участниками этой секции, которые выразили желание получить более подробную информацию, отдельно. В секциях ученики не подразделялись на уровни и оценивались по одним и тем же критериям, вне зависимости от того, в каком классе он учится. Была представлена даже секция «Вундеркинд». Проекты были очень интересные. Например, по секции английского языка нужно отметить такие, как "Peculiarities of using Metaphors in English speech, literature and poetry", "The effectiveness of tasks for producing language-Related Episodes in Computer assisted Learning Environment", "The Internet has allowed for increased opportunities to learn foreign languages", "The European language

Portfolio in Kazakhstan", "The problems of terms' translation from Kazakh into English" ... Учащиеся школ показали очень глубокие знания и были соответственно оценены членами жюри. Преподаватели КазНУ были приглашены для участия в работе экспертной комиссии. Старший преподаватель кафедры дип. перевода ФМО Карипбаева Г.А. возглавила секцию английского языка. В своем выступлении на закрытии Фестиваля она рассказала ученикам о ежегодной предметной олимпиаде «Аль-Фараби», победители которой удостоиваются гранта ректора КазНУ. Этот фестиваль является как бы проверкой своих способностей для учащихся перед республиканской и международными предметными Олимпиадами для учащихся 11-х классов.

Фестиваль Науки в г. Семей – это стартовая площадка перед республиканской олимпиадой «Дарын» и теперь уже республиканской предметной олимпиадой «Аль-Фараби» КазНУ. Успехов!!!

*Преподаватели кафедры дип. перевода
факультета международных отношений
КазНУ им. аль-Фараби
Г.А. Карипбаева, Р.Е. Сарбаева*



ҚАЗАҚ ТІЛІ

I тапсырма

«Қазақ тілі» пәнінен ЖАБЫҚ ТЕСТ сұрақтары. 1 дұрыс жауап – 1 балл.

Барлығы 50 тапсырма

1. Сөйлемді төл сөзге айналдырыңыз
Досым көшеде кездесіп қалып, ата-анаммен бірге тұратынымды сұрады.

- A) Досым кездесіп қалып: – Ата-анаңмен бірге тұрасың ба? – деп сұрағаны.
- B) Көшеден кездесіп қалған досым: – Ата-анаңмен тұрмайсың ба? – деді.
- C) Кездесіп қалған досым көшеден: – Ата-анаңмен бірге тұрасың ба? – деген.
- D) Досым кездесіп қалып: – Ата-анаңмен біргесің ба? – деп.
- E) Досым көшеде кездесіп қалып: – Ата-анаңмен бірге тұрасың ба? – деп сұрады.

2. Құрмалас сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз

Уақытты үнемдегің келеді, бірақ

- A) кез келген адам бойынан байқауға болады.
- B) үнемдеу үшін өмір сүресің.
- C) саған бағынбайтын кездер болады.
- D) мені күтпей жүре беріпті.
- E) уақытты үнемдегің келмейді.

3. Сөйлемдегі саз сөзінің мағыналарын анықтаңыз: Саздан жасалған зат сыйласақ қайтеді?; Мен де жаймен сазына қосылып отырдым.

- A) пластика, ырғақ
- B) ермексаз, дауыс
- C) құм, өлең
- D) балшық, әуен
- E) гипс, мелодия

4. Болжалды мағыналы сөйлемді көрсетіңіз

- A) Жыл сайын 1 мамырда тауға шығатынбыз
- B) Ұшарын жел, қонарын сай біледі
- C) Кел демек бар, кет демек жоқ
- D) Мен көптен бері сенен осы сөзді күткен едім
- E) Болжалдап айтқанды жақтырмайтын кісі еді.

5. Сөйлемде көрінетін мағына түрін белгілеңіз: Іссапардың барлық шығынын біз көтеруге тиіспіз.

- A) тілек
- B) болжалдылық
- C) міндеттілік
- D) қажеттілік
- E) қанағаттылық

6. Сөйлемдегі негізгі мағынаны көрсетіңіз: Бұл баяндаманы дәл сол жиында оқыған еді.

- A) қалау
- B) болжау
- C) нақтылау
- D) тілеу
- E) шарт қою

7. Іс-әрекеттің іске асуға дайындық кезеңін көрсететін сөйлемді белгілеңіз

- A) Мұндай үлкен жиынға бірінші рет қатысқалы отыр.
- B) Мұндай үлкен жиынға бірінші рет қатысып отыр.
- C) Мұндай үлкен жиынға бірінші рет қатысып отырған жоқ.
- D) Мұндай үлкен жиынға бірінші рет қатысып отыр екен.
- E) Мұндай үлкен жиынға бірінші рет қатысатын еді.

8. Істің орындалу мезгіліне қатысты сөйлемді белгілеңіз

- A) Сөздіктің презентациясын ұлттық кітапханада өткізбекші.
- B) Бұл – соңғы жиырма жылда жарық көрген ең көлемді сөздік.
- C) Бұл сөздіктің презентациясы келесі аптада өтеді деп жоспарланған.
- D) Қазақша-орысша екі тілді сөздіктің редакциясын басқарған кім?
- E) Туған жерім қандай ыстық болса, Алматы да маған сондай жақын.



9. Бір мезгілде іске асатын қимылды көрсететін сөйлемді белгілеңіз

- A) Таразда «Астана» ықшам ауданы бой көтеріп, жаңа үлгідегі үйлер салынып жатыр екен, жазға тарта пайдалануға толық берілетін көрінеді.
- B) Мұның әдейі жасалған іс еместігін білді, бірақ білмеген болды.
- C) Ертең жұмыс ерте бітсе, кешкісін балалармен саябаққа барамын.
- D) Қазақ тілі сынағынан өтсем, жұмысқа бірден қабылданамын.
- E) Күндіз әке-шешесі жұмыста болғанда, бала күні бойы менің қасымда.

10. Жер, су, аспан, адам, дала сөздерінің ортақ грамматикалық мағыналары:

- A) заттың атын білдіреді, атау септігінде тұр, жекеше түрде келген
- B) заттың сынын білдіреді, көпше түрде қолданылған
- C) заттың санын білдіреді, атау тұлғалы сөз
- D) зат есім, тәуелді формада жұмсалған
- E) есімдік, жіктеу есімдігі

11. Ғашықтың тілі – тілсіз тіл деген сөйлемдегі «тіл» сөзінің лексикалық мағынасы

- A) тілу етістігі мағынасында жұмсалған сөз
- B) адамның дене мүшесі, адамдық қарым-қатынастың құралы
- C) атау тұлғалы зат есім
- D) болымсыздық мағынасындағы зат есім
- E) тәуелдік жалғаулы зат есім

12. Екі түрлі мағынада қолданылып тұрған сөзі бар сөйлемдер қатарын белгілеңіз

- A) Сөз – ойдың айнасы. Ол айнаға қарай берді.
- B) Тіл – көңілдің тілмәші. Апам тілден айныса да, ойдан айныған жоқ, әлі.
- C) Тіл – адам ойын білдіретін құрал. Балалар ойын ойнады.
- D) Құнды сөз құнарлы ойдан туады. Өлеңді ойдан шығарды.
- E) Ғылым мен техника салаларын дамыту керек. Өзенді салаларын қоса есептегенде 143 шақырымды құрайды.

13. Тез жасалған қимылды көрсететін қатарды белгілеңіз

- A) Қолындағы қаламын сөмкесінен алды.
- B) Қолындағы қаламы қымбат тұрады.
- C) Қолындағы қаламын лақтырып жіберді.

D) Қолындағы қаламына қарап ойланып отыр.

E) Қолындағы қаламымен бірнеше рет «тез-тез» деп жазды.

14. Бір рет жасалған қимылды көрсететін сөйлемді белгілеңіз.

- A) Соңғы кездері біздің бөлімге келгіштеп жүр.
- B) Үстелді жұдырығымен сарт еткізіп қойып қалды.
- C) Өншіге қошемет көрсетіп, қол шапалақтады.
- D) Айтқанына өкініп, енді ернін тістелеп отыр.
- E) Фабрикаларда ауа тазалағыш қондырғылар орнатылатын.

15. Мөлшер мағынасы бар сөйлемді белгілеңіз

- A) Биылғы көрсеткіш былтырғыдан анағұрлым жоғары.
- B) Биылғы көрсеткіш маған ұнап тұрған жоқ.
- C) Биылғы көрсеткіш арқылы мектеп жетістікке қол жеткізді.
- D) Биылғы көрсеткіштің нәтижесі кеше белгілі болды.
- E) Биылғы көрсеткіш кезекті мәжілісте қаралатын болады.

16. Топтау мағынасы бар құрылымды белгілеңіз

- A) ат жегілген шаналар босқа тұрды
- B) үнемі ат жегілген шанамен жүреді
- C) шаналарға әдейі ат жегетін еді
- D) шаналарға қос-қостап ат жегілген
- E) шаналарды топырлатып жинап қойыпты

17. Ғашықтың тілі – тілсіз тіл деген сөйлемдегі «тіл» сөздеріне қандай грамматикалық мағына тән?

- A) меншіктік, иелік
- B) бағыттық, болымсыздық
- C) атауыштық, болымсыздық, меншіктік
- D) болымсыздық, иелік
- E) ешқандай грамматикалық мағына тән емес

18. Сөйлемнің негізгі мағынасын анықтаңыз:

Сезімімнің бұлағы, қиялымның жұмағы, Жүрегімнің сыңары, Сені көргім келеді де тұрады.

(И. Сапарбаев)

- A) болжау
- B) қалау



- C) сұрау
- D) шарт
- E) нақтылау

19. Жіктік жалғаудың синтаксистік қызметі не?

- A) бастауыш
- B) баяндауыш
- C) толықтауыш
- D) анықтауыш
- E) пысықтауыш

20. Әрекеттің жүзеге асу амалы көрсетілген сөйлемді белгілеңіз

- A) Төтенше жағдайға байланысты іс-шараларды кезекпен баяндады.
- B) Бүгін аймақтағы оқиғаға байланысты төтенше жағдай жарияланды.
- C) Төтенше жағдай енгізу туралы ұсыныс қабылданды.
- D) Оқиға орнына Төтенше жағдай министрлігінің өкілдері келді.
- E) Иран президентінің не айтқанын газеттен білдім.

21. Айқындауыш мүше қатысып тұрған сөйлемді табыңыз

- A) Қазақстан 2030 жылы қиыншылықтарды жеңіп, дамудың келесі сатысына өтеді.
- B) 1995 жылы Қазақстан астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылданды.
- C) ҚР Президентінің жарлығы бойынша 2000 жыл – мәдениетті қолдау жылы деп жарияланды.
- D) Қазақстанның жаңа астанасы – Астананың салтанатты тұсау кесер тойы 1998 жылы маусымда болды.
- E) Қазақстанның оңтүстік астанасында Жаңа жыл қарсаңына орай үй жиназдарына 80% жеңілдік болады.

22. Қарсылықты мағынасы бар сөйлемді белгілеңіз

- A) Кітап – әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі екен.
- B) Кітап – тәрбиенің маңызды жақтарының бірі ретінде тәрбиелік жоспарға енуі тиіс.
- C) Бұл мәселе кітаптың санын азайтқаныменен, оқушылардың құлшыны-

сын одан әрі арттырған еді.

- D) Жақсы кітапты алғаш оқығанда – жаңа дос тапқандай боласың, қайталап оқысаң – ескі досыңды кездестіргендей сезімге бөленесің.
- E) Қолым боста кітап оқимын, кітап арқылы өмірді танып, білім аламын.

23. Қажеттілік мағынаны білдіріп тұрған сөйлемді белгілеңіз

- A) Адам мінезі негізінен өмірінің алғашқы жылдарында қалыптасады.
- B) Адамдар – әрқашан өз аналарының перзенттері, ана болмаса ақын да, батыр да болмайды.
- C) Адамға өзінің аналық немесе әкелік міндетін сезінуді жөргекте жатқан кезден-ақ үйрете беру керек.
- D) Адам тәрбиелеу, өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – адамның ең бірінші, аса маңызды қоғамдық қызметі, азаматтық борышы болуы тиіс.
- E) Адам өзінің балалық шағын осы бір кезде міндетті түрде еске ала ма деп қалдым.

24. Болжалды мағынаны білдіріп тұрған сөйлемді белгілеңіз

- A) Еңбексіз жиған малың адал емес.
- B) Еңбек шыққан жерден төзім де шығады.
- C) Еңбекпен ғана адам жақсы тұрмысқа жеткен.
- D) Бақыт барын салып еңбектенгенге бұйырады.
- E) Еңбексіз табылған дүние, бүтін байлық болмас.

25. Ұлттық мәдениет пен танымды білдіретін сөйлемді белгілеңіз.

- A) Ілтипат – танып-білуге ден қою.
- B) Өнердің қай түрі де, саудаға түскен бұйымдай өтімді келеді.
- C) Бата – жаңа қосылған жастарға, жауға аттанған жаяу жүрек ұландарға, асқа да беріледі.
- D) Жыр өнері – өз пікірімен пайымдаса, сурет өнері – өз бояуымен пайымдайды.
- E) Наурыз көжеге қосылатын жеті дәмнің табиғаттағы жеті бояуды, спектрді білдіретін философиялық мәні бар.



РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА (11 класс)

Тестовые задания

Шкала оценок: каждый правильный ответ на тестовый вопрос оценивается в 1 балл, всего – 50 тестов. Следовательно, максимальное количество баллов в ответах на тесты составляет 50.

1. Укажите, кто из персонажей комедии А.С. Грибоедова «Горе от ума» так сказал о Чацком: «А вы заметили, что он в уме серьезно поврежден»?

- А) Хлестова
- Б) Фамусов
- В) Загорецкий
- Г) Лиза
- Д) Молчалин

2. Сколько романов написал И.А. Гончаров?

- А) 5
- Б) 2
- В) 1
- Г) 3
- Д) 4

3. К какому идейно-эстетическому направлению (художественному методу) относится комедия А.С. Грибоедова «Горе от ума»?

- А) Просветительский реализм
- Б) Романтизм
- В) Критический реализм
- Г) Сентиментализм
- Д) Классицизм

4. Кому посвятил И.С. Тургенев свой роман «Отцы и дети»?

- А) Белинскому
- Б) Герцену
- В) Чернышевскому
- Г) Декабристам
- Д) Виардо

5. Какой литературный деятель является автором следующей характеристики Онегина: «Страдающий эгоист, эгоист поневоле»?

- А) Добролюбов
- Б) Белинский
- В) Герцен
- Г) Жуковский
- Д) Ломоносов

6. Определите, о каком литературном герое идет речь, назовите произведение и его автора: «Его глаза сияют, лик его ужасен. Движенья быстры. Он прекрасен»:

- А) Молчалин. «Горе от ума» Грибоедова
- Б) Чичиков. «Мертвые души» Гоголя
- В) Петр I. «Полтава» Пушкина
- Г) Ленский. «Евгений Онегин» Пушкина
- Д) Раскольников. «Преступление и наказание» Достоевского

7. Какая человеческая страсть ярко воплощена в трагедии А.С. Пушкина «Моцарт и Сальери»?

- А) Накопительство
- Б) Зависть
- В) Женолюбие
- Г) Зазнайство
- Д) Обжорство

8. Какую героиню Пушкина крадут прямо со свадьбы?

- А) Татьяну
- Б) Земфиру
- В) Ольгу
- Г) Людмилу
- Д) Зарему

9. Какое из произведений А.С. Пушкина не связано с темой поэта и поэзии?

- А) «Поэт»
- Б) «Пророк»
- В) «Пора, мой друг, пора!»
- Г) «Памятник»
- Д) «Арион»

10. Какая трагедия А.С. Пушкина заканчивается ремаркой «Народ безмолвствует»?

- А) «Пир во время чумы»
- Б) «Борис Годунов»
- В) «Моцарт и Сальери»
- Г) «Скупой рыцарь»
- Д) «Каменный гость»



11. Чьи философские идеи оказали особое воздействие на русский символизм?

- А) М. Горький
- Б) Л. Толстой
- В) Л. Андреев
- Г) Ж.-Ж. Руссо
- Д) В. Соловьев

12. Роман какого писателя открывается главой под названием «Никогда не разговаривайте с неизвестными»?

- А) И. Тургенев «Отцы и дети»
- Б) М. Лермонтов «Герой нашего времени»
- В) Ф. Достоевский «Преступление и наказание»
- Г) Л. Толстой «Война и мир»
- Д) М. Булгаков «Мастер и Маргарита»

13. Произведение какого автора относится к жанру антиутопии?

- А) И. Бунин «Деревня»
- Б) А. Чехов «Скучная история»
- В) Е. Замятин «Мы»
- Г) М. Булгаков «Белая гвардия»
- Д) А. Ахматова «Реквием»

14. В рамках какого направления развивалось раннее творчество А. Ахматовой?

- А) Акмеизм
- Б) Символизм
- В) Имажинизм
- Г) Футуризм
- Д) Романтизм

15. Русский писатель, ставший первым Нобелевским лауреатом?

- А) В. Набоков
- Б) М. Горький
- В) Б. Пастернак
- Г) И. Бунин
- Д) А. Куприн

16. Какое произведение Шолохова осталось незавершенным?

- А) «Судьба человека»
- Б) «Тихий Дон»
- В) «Они сражались за Родину»
- Г) «Наука ненависти»
- Д) «Нахаленок»

17. Русский поэт, Нобелевский лауреат:

- А) И. Бродский
- Б) В. Маяковский
- В) С. Есенин
- Г) Н. Гумилев
- Д) Е. Евтушенко

18. Кому принадлежит высказывание «Я – мистический писатель...»?

- А) А. Куприн
- Б) А. Солженицын
- В) М. Булгаков
- Г) В. Шукшин
- Д) В. Набоков

19. С каким направлением связано раннее творчество А. Блока?

- А) Футуризм
- Б) Имажинизм
- В) Романтизм
- Г) Символизм
- Д) Акмеизм

20. Произведение какого автора посвящено теме коллективизации?

- А) И. Бунин «Деревня»
- Б) М. Горький «Старуха Изергиль»
- В) М. Шолохов «Наука ненависти»
- Г) М. Булгаков «Дьяволиада»
- Д) А. Платонов «Котлован»

21. К какому периоду относят первую волну русской литературной эмиграции?

- А) После 1-й русской революции 1905 г.
- Б) После Октябрьской революции 1917 г.
- В) После Отечественной войны 1812 г.
- Г) После Отечественной войны 1941-1945 гг.
- Д) 60-70-е годы XX века

22. Произведение какого автора заканчивается пророческими строками «Я в гроб сойду и в третий день восстану, И как сплавляют по реке плоты, Ко мне на суд, как баржи каравана, столетия поплывут из темноты»?

- А) Б. Пастернак «Доктор Живаго»
- Б) А. Ахматова «Реквием»
- В) А. Блок «Двенадцать»
- Г) С. Есенин «Анна Снегина»
- Д) В. Маяковский «Облако в штанах»

23. Какое произведение М. Шолохова состоит из 4-х книг?

- А) «Поднятая целина»
- Б) «Наука ненависти»
- В) «Они сражались за Родину»
- Г) «Судьба человека»
- Д) «Тихий Дон»

24. Кто обращался к российской интеллигенции с призывом «Всем телом,



всем сердцем, всем сознанием – слушайте Революцию!»?

- А) В. Маяковский
- Б) С. Есенин
- В) А. Белый
- Г) А. Блок
- Д) О. Мандельштам

АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК

Готовимся к ЕНТ

1. Choose synonym of the word «exhausted»:

- a) ugly
- b) terrible
- c) tired
- d) dangerous
- e) ashionable

2. Choose the correct synonym of “courtesy”

- a) importance
- b) politeness
- c) majority
- d) hospitality
- e) punishment

3. Give antonym to the word “silence”:

- a) fear
- b) noise
- c) wealth
- d) quite
- e) action

4. Choose the countable noun:

- a) luggage
- b) sand
- c) honey
- d) salt
- e) t-shirt

5. Choose the correct plural form of the word:

- a) wolfs
- b) wolves
- c) woolves
- d) woofls
- e) wolfes

6. Choose the word that does not belong to ‘professions’:

- a) doctor
- b) teacher
- c) processor
- d) politician
- e) trainer

25. Творчество какого писателя относят к «деревенской прозе»?

- А) В. Распутин
- Б) М. Булгаков
- В) М. Горький
- Г) Б. Пастернак
- Д) Л. Андреев

7. Complete the sentence:

The United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland is ...

- a) a parliamentary monarchy
- b) a bourgeois republic
- c) a federal republic
- d) a constitution republic
- e) a parliamentary republic

8. Choose the right answer.

Great Britain is a parliamentary monarchy.

The head of the state is...:

- a) Lord Chancellor
- b) President
- c) Prime Minister
- d) Governor
- e) Queen

9. What is the definition of the word ‘psychology’?

- a) The study of the activities of government
- b) The study of how buildings are designed and constructed
- c) The study of the human mind and people's behavior
- d) The study of how to treat illness
- e) The study of farming

10. According to the English saying

“The Englishman's home is his ____”:

- a) Castle
- b) Love
- c) Penthouse
- d) Mansion
- e) Stable

11. Choose the right variant of articles.

...large steel bridge joins...two banks of ...river.

- a) An, the, the
- b) The, the, the
- c) A, -, -
- d) The, -, a
- e) A, the, the



12. Choose the right article:

"Romeo and Juliet" is about ..love and ..hate. It is about .. love of two young people whose families were bitter enemies. It was .. tragic love.

- a) -/-/-/-
- b) a/a/a/a
- c) -/-/the/a
- d) -/a/the/a
- e) -/-a-the

13. Choose the right variant of preposition:

Martin gave ...smoking two years ago.

- a) down
- b) up
- c) of
- d) under
- e) over

14. Which sentence is imperative?

- a) He threw the litter.
- b) Do you want to throw the litter?
- c) Doesn't he throw the litter?
- d) Do not throw the litter!
- e) Why are you throwing the litter?

15. Complete the disjunctive question:

You have written your exercise,?

- A) do you
- B) have you
- C) have not you
- D) do not you
- E) did not you

16. Find a sentence with a phrasal verb:

- A) Konkina participated in the international Olympiad
- B) Oh, no. We've run out of bread
- C) Asem was born in November
- D) There are many people in the street
- E) Please, don't smoke here!

17. Choose the right adverb:

Maria's English is excellent. She speaks...

- A) perfectly English
- B) English perfect
- C) perfect English
- D) English perfectly
- E) the perfectly English

18. Choose the right variant:

Cuba is ... sugar-growing areas in the world.

- A) one of the large
- B) one of largest
- C) one of the largest
- D) larger
- E) largest

19. Choose the right answer:

The exam was fairly easy - ... I expected.

- A) more easy that
- B) more easy than
- C) easier than
- D) easier as
- E) so easier that

20. Choose the right form of adjective:

The film was really boring. It was... I've ever seen.

- A) most boring film
- B) the more boring film
- C) the film more boring
- D) the most boring film
- E) the more boring film

21. Choose the right pronoun:

We went shopping and spent... money.

- A) a lot of
- B) a lots of
- C) lot of
- D) many
- E) a lot

22. Choose the sentence with a noun in the Possessive Case:

- A) Ase1's reading a newspaper
- B) Ase1's gone to university
- C) Ase1's dog is very loyal
- D) Ase1's got two young brothers
- E) Asel's writing a letter to her pen-friend

23. Choose the right variant of the Demonstrative Pronoun:

Can you help me carry ... baggages?

- A) that
- B) this
- C) these
- D) thus
- E) them

24. Choose the right answer:

Where is my CD? I can't find it

- A) nowhere
- B) everywhere
- C) somewhere
- D) where
- E) anywhere

25. Choose the right modal verb:

If you want to be slim, you ...go on a diet.

- A) hadn't better
- B) are to
- C) have to
- D) should
- E) were to



Ғабитов Т.,
филос.ғ.д., профессор
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Қазақстанда ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен инновациялық индустриалды даму Стратегиясы қабылданғаны белгілі. Бұл туралы айтылған пікірлер мен аналитикалық ғылыми талдаулар жеткілікті. Біз осы мәселенің философиялық-мәдениеттанулық кейбір қырларына қысқаша тоқталып өтейік.

Қоғамдағы инновациялық үрдістің себебі – өндірістік құрал-жабдықтар әр бір-екі жыл сайын өзгеріп отырады. Бұған (яғни, өзгеріске) күш беретін – өндірістің және қоғамның барлық іс-әрекеттерінде ақпараттың кең көлемділігі. Ал өндірістің жаңаруы мен тиімділігінің жоғарлауына адам баласы, оның білімі, тәжірибесі, қабілеті, шығармашылық мүмкіндіктері өз ықпалын тигізеді.

Инновациялық мәдениеттің негізгі мақсаты – ескі (өткен шақ, «классика»), қазіргі (осы шақ, «модерн») және жаңа (болашақ, «футуре») арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыру және оны сақтау. Инновациялық қабылдау ескі, қазіргі және жаңадан алатыны тең көлемді болмағандықтан, кей кездері, ескінің бөлінуіне, қазіргінің мобильденуіне және жаңаның экспансиясына түрткі болады. Әрбір ұлт, халық, қоғам, жеке адам мәдениеті өзгешелігін осы үштіктің өзара тәуелділігі қамтамасыз етеді. Инновация мен дәстүрді қарама-қарсы қою дұрыс емес. Дәстүрді қандайда бір дамудың қажетті шарты деп қарастыру қажет. Дәстүрін, өзінің тарихи ескерткішін жоғалтқан қоғам деградацияға ұшырайды. Өйткені ұрпақтар арасындағы байланыс үзіледі және үлкен әлеуметтік орта-

да маргинализация процесі, сонымен қатар, басқа да деструктивті процестер жүреді. Екінші жағынан, қоғам өзгермей өмір сүре алмайды. Сонымен, жалғастықтың жалпы мәдени принципінде инновациялық пен дәстүрліктің бірлігі әлеуметтік прогрестің маңызды алғышарты болып табылады.

Қазіргі Қазақстанда екі түрлі бағыттағы өркениетті құру бағдарламасы бар, біріншісінің жасампаздық мүмкіндіктері төмен және архаистік санадан нәр алады. Оның басты сипаттарына жататындары:

- ру-тайпалық және тоталитарлық инерция;
- мәдениетті пайдасы шамалы сала деп санау;
- «толымсыздық комплексі» немесе «ұлттық мафия»;
- әлемдік өркениеттік үлгілерімен салыстырмалы зерттеулерден үрейлену;
- шындықты жасыру, жаңа мифтерді, репрессиялық сананы қалау.
- Келесі бағдарлама тұлғалық мәдениетті заман талаптарына сай инновациялық қоғамды қалыптастыруға бағытталған:
 - адам орталықтық ұстаным;
 - мәдениетті әмбебапты реттеуші тетік және сұхбат деп қарастыру;
 - жеке адам санасына манипуляция жасауды тоқтату;

XX ғасырдың бейбіт мәдениеті құндылықтарын (демократия, адам құқықтары, азаматтық қоғам, орнықты даму, толеранттылық, күш көрсетпеу т.т.) қабылдау (Шалабаева Г.К. Глобализация и проблемы куль-



турной идентичности // Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2002. – 53-63 б.).

Әрине, «американдану», «еуропалану» да біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес өткенді аңсау да орынсыз. Біз бұрынғы ұрпақтардың да тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. Жаппай вестернизация, рухани азу ықпалы күрт өскен жағдайда (өкінішке орай, бізде Батыстың биік мәдениетін, философиясын емес, азғындық жағын насихаттау басым), оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған. Сөйтіп қана ұлтты дағдарыстан алып шыға алады зиялылары, басшылары.

Ұлттық трансформация дұрыс не бұрыс бағытта болуы мүмкін. Ұлт келеңсіз бағыттағы трансформацияға ұшырауы да әбден мүмкін – яғни мінезінің жаман жаққа бұзылуы, дағдарысқа ұшырауы. Ал оң бағытта өзгеруі де мүмкін. Осы жерде ұлттың дамуы дегенді қалай түсінеміз. Даму – гүлдену осыған да тоқталу қажет. Шартты түрде ұлттың «дамуы», «эволюциясы» деп біз айта береміз әлі. Мүмкін дамудың орнына «кемелге келу» – «өзін-өзі ашу», «гүлдену» мағынасында – сөзі орынды болар. Себебі классикалық диалектика «дамуды» – эволюция деп, сызықпен даму деп түсіндірсе, классикалық емес диалектика дамуды «өзін-өзі ашу» деп түсіндіреді. Құлдырау, дағдарыс, кері жылжу бола беруі – табиғи нәрсе және заңдылық: жаңа сатыға көтерілу алдында ескі мәдени жүйе ыдырап, дағдарыс туады. Ұлттың дамуы – шын мәнінде жүйелердің ыдырауы мен қайта құрылу циклдарының алмасуы. Яғни ата-бабамыздың дәстүрді жетілдіріп, жаңартып отыруды талап етуі осыған сәйкес. Ендеше, ХХІ ғ. ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда творчестволық ізденіс (мүмкін техногендік батыс өркениетіне альтернатива ретінде рухани сипаттағы еуразиялық өркениет құру идеясы – егер де оны біз дұрыс түсіндіріп, айқындай алсақ) біздің бүкіл аймақтық мәдени, әлеумет, саяси трансформация процестеріне үлкен өзгеріс, ілгері басу, гүлдену әкелер (Курманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы: Бастау, 2000. – 247 б.).

«Дәстүр» және «жаңашылдық» мәселесі философияда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Ал осы мәселе қазақ ха-

лық философиясында да үлкен даналықпен шешімін тапқанын білеміз. Ол қазақтың «Әдеттің озығы да бар, тозығы да бар» деген қанатты сөзі. Ендеше қазіргі терминдерді қолданып «дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар» деуімізге болатын шығар. Яғни дәстүрдің «озығы» – оның ең киелі, күшті жерлері, ішкі тылсым ұлттық идеяны білдіріп тұрған, соны іске асыруға бейімделу барысында туған асыл қасиеттер жинағы (былайша айтқанда, ұлттық рухтың мәні, қаймағы», жүрегі, ділі). Ал «тозық» – жабысқан жат мінез (Өзгеден жұққан да, өзінің де тауып алғаны), сол сияқты «тозыққа», біздіңше, дәл осы бір тарихи кезеңде актуальды емес, маңызы шамалы ұлт мінездері, әдеттері кіреді.

Сонымен, инновациялық мәдениет – бұл инновациялық жүйеде ескі, қазіргі және жаңаның динамикалық бірлігін сақтай отырып, адам баласы іс-әрекетінің әртүрлі салалардағы жаңалықтарды мақсатты дайындықтың, кешенді ендірудің және жан-жақты игерудің білімі, қабілеттілігі және тәжірибесі. Басқа сөзбен айтқанда, бұл – жалғастық принципті ұстана отырып, еркін түрде жаңаны тудыру. Адам баласы мәдениет субъектісі ретінде қоршаған әлемді (табиғи, заттық, рухани әлемдерді) және өзін өзгертіп, жаңартып отырады.

Қоғамның бейімделуге деген қабілеттілігі, яғни, адам баласына және адамзатқа қиындық туғызатын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілігі, тарихи тұрғыда аса маңызды рөлге ие емес, бірақ та, адам баласы мәдениетінде шынайы өмірді көрсететін, әрекеттерді тасымалдайтын және жаңалықтың элементтерін ендіретін рәсім, ойын процестерінде және тағы да басқа әрекеттерде туындайды. Инновация адам баласының шығармашылыққа деген қабілеттілігіне және осы шығармашылық нәтижелерін қауымдастықтың қабылдап алу немесе бейімдеп алу мүмкіндігіне тәуелді болады.

Бірақ инновациялық қоғамды қалыптастырушы үлгі, тек жаңа нәтежелердің жетістіктеріне және шығармашылыққа талпынған әлеуметтік-мәдени тәжірибе мен инновацияларды сақтаудың амалы болып табылатын дәстүрлердің өзара толықтырушылық принциптерінің бұзылуы, мәдениеттегі құндылықты бағдардың күрт өзгеруіне, даму ырғағының жылдамдауына алып келеді. Мәдениеттің инновациялық қабатында басымдылыққа ие дәстүрдің негізі болып табылатын, жаһандану тенденциясының ық-



палы заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайға ықпалды алуандылыққа түсіреді. Дәстүрлер және инновациялар арасындағы ұқсастықтың бұзылуы мәдениет «ырғағының шиеленісуінің» еңуі жайында айғақтай түседі – шеңберлік динамикасының заңдылығына оның сай келуі, сонымен бірге сол фазаның тоқырауын көрсетеді. Жүйе өзінің мәнді белгісін жоғалтпайтын жағдайдағы, мәдениеттің айқындалуы қозғалыстың ерекше логикасына ие болады, дегенмен оның даму процесіндегі қалыптасқан байланысты жоғалтады.

Көптеген мәдениетті және ұлттарды сақтай отырып, адамзаттың өркениет синтезінің жетістігіне ұмтылысын, жаһандануға сай позитивті бағытынан түсіну, құндылықтың жүйелерін құнды етіп қайта құруынсыз және мәдениет әдіскерлерінсіз, адамзат дамуының жалпы парадигмасының өзгеруінсіз іске асыру мүмкін емес. Интеграциялық тенденция жағдайына сай, тұтастықтан көрі оны құрушы бөлшектері жылдамырақ дамуын мойындауға негізделген. Сондықтан жаһандану үрдісі мәдени алуандылықты жоюшы және біріктіруші процес ретінде ғана қарастырылуы мүмкін емес. Сонымен қатар даму барысында, бірге дамудың өзі тиімдірек екені айқын, себебі материалдық және рухани шығындар үнемделе түседі.

Жабық қоғамда халықтың кедей топтары мен қуатты байлары өмірі деңгейінің арасындағы ерекшелік көбейеді; ұлтаралық тасымалдаушы коорпациялар әртүрлі мемлекеттерге тек қана өзінің экономикалық ықпалын күшейтіп қана қоймайды, сонымен бірге саяси да ықпалын жасайды; азаматтық қоғам институттарының және мемлекеттердің өзара әрекеттестігінің мәселері тереңдей түседі; әр алуандылыққа қатер төндіретін көпшіл мәдениеттің ықпалы арта түседі (Поппер К. Ашық қоғам және оның жаулары / аудар.. Т.Х. Ғабитов. – Алматы: Раритет, 2012. – Т.2. – 435 б.). Бұлардың бәрі, күннен-күнге асқындап жатқан экологиялық тоқыраулардың әсері сонда байқалады. Олардың кейбіреулеріне тоқталатын болсақ, барлығынан бұрын атап өтетіні, әлеуметтік мәдени динамиканың басым жоғары технологиялық ғылымдандырылған өндіріс бөлімі өрлейді немесе білім мен ақпарат негізгі өндірістік қорға айналады.

Болашақтағы білім мен ақпаратты өндіру үшін адамның шығармашылық табиғатын қалыптастырушы және күшті ішкі

мотивациясымен жаңа тұлғаның үлгісін қалыптастырушы ретінде мәдениет пен білім берудің рөлі маңызды және жоғары деңгейде қызмет атқарады. Құндылықтың жаңа өлшемі қалыптасып, экономикалық емес мотивтердің мәні өседі. Жоғарыда көрсетілгендей, бір қырынан технологиялық прогреске ұмтылыс анық, басқа жағынан алып қарастырғанда – адамзат қорының маңыздылығын арттыру көпшіліксіздендіру мен материализацияландыру өндірісі процесінің жылдамдауына бағдарланған.

Одан басқа жаһанданған әлемнің тұрақсыздығы жайында әлемнің өркениеттік, әлеуметтік мәдени айырмашылықтарын сақтауы бойынша ерекшеліктерінің күшейуін айғақтай түседі. Әлеуметтік мәдени айырмашылықтары арқылы, екі шекті полюстың жағдайындағы даму жолы, танып білуге болмайтын және ашылмайтын оқиғаларға алып келуі мүмкін, кеңкөлемді интеграциялық процестің қайшылықтары анықталады – өзара әрекеттестіктің сұхбаттыққа ие даму сипатының тоқырау нұсқасын көрсетеді.

Өрине, алмаспайтын ұлттық тасымалдау өзгерісі адамның экзистенцияналды әлемін және мәдени мәнді кеңістіктің ерекшелігінің бағытын екінші орынға жылжытады. Адам өміршеңдігін түрлі ұқсастандыра және ортақтандыра отырып, әлеуметтік-экономикалық және даму жолындағы өзара жақын бағдарының, тұтасқан аймақтар және елдер тарихын ұқсас бағыттарды құра бастайды. Ескеріп өткендей, жаһандану үрдісі, өзінің ең қауіпті жаулаушылық формасында, дәстүрлі әлемге енуде. Өрі қарай бұл көріністен, адамзаттық үйлесімділеу бірігудің жолын, мәдениет және халықтардың өз бірегейлігін және өзіндік болмысына ұмтылысын анық байқауға болады.

Кейбір мәдениеттер қоғамның дәстүрлігіне және инновацияның қолдауына ие болады. Индивидтің санасында туындайтын жаңа идеялар қоғамда кең қолданысқа ие болып жатады, ал мұның өзі әлеуметтік-мәдени өзгерістер үшін мүмкіндік туғызады. Тарату, қабылдау немесе қабылдап алмау, модификация процестерінің өзі шығармашылық-инновативті процестер болып табылады. Дәстүр мен инновация арасындағы арақатынас адамзат қауымдастығының бейімделу стратегиясының дамуын анықтайтын тарихи жағдайларға және шарттарға байланысты болады. Осыған байланысты қоғамдық ағза тез



қарқынды трансформацияға ұшырайды. Мағынасыз космополитизм мен бейкүнәлі тұйықтықтың арасында таңдауды жасаудың қажеті жоқ. Өзіндік ерекшеліктің негізі ретінде шығатын оның этномәдени (жергілікті) бірегейлігін сезініп, түсінуіне кедергі жасалмайтын басқа мәдениеттен

қажетті элементтерді оған алып үйренуі керек.

Нәтижелей келе, мынадай қорытынды жасауға болады: инновациялар – бұл әлеуметтік-мәдени өзгерістер үшін қажетті алғышарттарды тудыратын жаңа технологиялар мен жаңа мінез әрекеттерді қалыптастыру тетігі.



Тойғанбекова М.Ш.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Жоғары оқу орнына дейінгі
білім беру факультетінің
аға оқытушысы

ТІЛДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Казіргі компьютерлік техниканы коммуникативті тіл үйрету әдісімен және кәсіптік мамандыққа баулу тұрғысында ұсына отырып, әдістемелік нұсқау бөлімін мына мақсаттарға құруға болады: тіл дамыту бағдар-ламасын таңдай білу және оны іске асыру қабілетін жетілдіру; тілдік материалды мамандыққа байланысты лексикалық блок материалдарына, логикалық-семантикалық принцип негізінде байланыстыра отырып, қажеттілігіне сай үйрету; терминдер, терминологиялық сөздік, т.б. түрлерімен жұмыс жүргізу тәсілдерін жетілдіру; күнделікті өмірде, қызмет-кәсіпте қажетті ауызекі сөйлеу тілінің функционалдық жүйелерін қолдануды үйрету.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілі пәні кәсіптік бедел мен абыройға жеткізуде білім тыңдаушылардың өзін тұлға ретінде дамытуға деген қажеттілігін түсіндіру, үйрету, дамыту мәселесі де қойылып отыр. Тілдік қатынас пен қатысым және оны кәсіби тұрғыдан қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып кәсіптік парыз бен жауапкершілікті сезінуге жетелеу ісі – негізгі жұмыстардың бірі болып табылады.

Оқытушы білім берудегі оқыту, үйрету, іскерлік дағды анықтамасын басшылыққа алып, теориялық және практикалық дайындығын жетілдіріп отырады белгілі.

Педагогикалық технологияның білім беру жүйесінің жобасын үшке бөлуге болады. Олар: тәрбиелеу, оқыту, қарым-қатынас. Ал, оқыту жүйесінің пәндік бағыттағы оқыту технологиясы мен тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы тәжірибеде кездеседі.

Қазақ тілінің кәсіби бағытында: толық меңгерту технологиясы; деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы; модульдеп оқыту технологиясы; программалап оқыту технологиясы; жеделдетіп оқыту технологиясы.

Толық оқыту технологиясы лексикалық әрі мамандыққа байланысты іріктелген оқу материалдарын әуелі түсініп оқу, басқа тілдегі баламасымен қайта түсініп оқу, сөздікпен аударма жасау, осы мәтін мазмұнына орай қосымша сілтеме, анықтағыш әдебиеттермен жұмыс жүргізу, сөйлем түрлеріне орай грамматикалық материалдарды таңдау ұстанымдарын қолдану дұрыс. Сонымен бірге мамандық, кәсіпке сай қарым-қатынасқа қажетті грамматикалық форма, құрылымды пайдалана отырып, сөйлеуге керекті сөйлем түрлерін құрастыру қарастырылған.

Модульдеп оқыту технологиясы

Модуль дегеніміз – іріленген дидактикалық бірлік. Модуль – латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі.



Оқу үрдісінде модульді жүйені пайдалану қазіргі таңда студенттерге ұсынылып жатқан көлемді материалдарды қысқартуға және жеделдетуге жол ашады.

Программалап оқыту технологиясы

Бұл оқыту технологиясы көбінесе техникалық оқу пәндеріне қолайлы. Жоғарыда аталған мақсатқа, міндетке, принциптерге негізделген тиімді. Сөйтіп сабақтардың өзара байланысты тақырыптары бойынша шоғырландыру. Мұнда басты мақсат – тіл үйретудің табысты жүзеге асырылуына бағындырылған (сөйлеу мен жазу) да тиімді қарастырылады.

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру идеясын «ғасыр идеясы» дей келіп, осы салада қырықжылдан астам еңбек еткен профессор Эрнст Пюрва Мучкаевичтің жұмыстары Германияда, Жапонияда, Болгарияда, АҚШ-та жарияланған. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру принциптерін тіл дамыту арқылы жүргізуге болады.

Тіл дамыту дегеніміз – тыңдаушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқаға еркін әрі толық жеткізуге баулу болып табылады.

Сөйлеу жаттығулары тілдік жаттығуларда меңгерілген тілдік материалдарды керек кезінде айтылған ойға байланысты орынды қолдана алуын көздейді. Ол қарым-қатынас жасауға бағытталады.

- Сұраққа дұрыс жауап беру;
- Сұрақ қою білу;
- Сөйлем үлгілерін дұрыс пайдалана білу;
- Аударма жасау, сөздікпен жұмыс;

- Шығарма жазу;
- Ситуациялық жағдайларда сөйлей білу, т.б.

– Тілдік материалдарды мамандыққа байланысты лексикалық блок мәтіндеріне сәйкестеп үйрету.

– Техникалық мамандарды дайындау мәселелерінің бірі – маман ретінде кәсіби ғана игеріп қоймай, олардың түсінігі қазіргі заманғы ғылыми-техникалық өзгерістермен деңгейлес болуы керек, бұл үшін білім берудің жаңаша технологияларын меңгеру, халықаралық стандартқа сай мамандар даярлау мәселесі қойылды. Бүгінгі инженер, технолог, кіші техникалық маман ғылыми-техникалық өзгерістермен деңгейлес болу үшін қазақ тілін, оның лексикалық мәтіндерін, сөз ауқымын білуі тиіс.

Жаңа технологияларды сабаққа пайдалану өмір талабы. Заманның ақпараттық өмір талабына ілесу бүгінгі әрбір тыңдаушының және оқытушының міндеті.

Осы тұрғыдан алғанда еліміздегі және шетелдегі жаңашыл авторлардың технологияларын пайдалану әлемдегі білім кеңістігіне бастайтын бірден-бір жол. Қазіргі таңда заман талабына сай сабаққа оқытудың жаңа технологияларын пайдалану үрдісі кең өріс алып отыр.

Педагогикалық технология – оқу үрдісін мазмұнды қызметке асыру құралы.

1. Модульдік оқыту технологиясы.
2. Оздыра оқыту технологиясы.
3. Дамыта оқыту технологиясы.
4. Саралап оқыту технологиясы.
5. Ойын технологиясы.
6. Топтық ұжымдық рн оқыту.
7. Жекелей оқыту технологиясы.
8. «Оқу мен жазу» технологиясы.



Ковалева И.М., ф.-м.ғ.к., доцент,
Сүлейменова З.І., аға оқытушы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
механика-математика факультеті
«Іргелі математика» кафедрасы

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ» ЕСЕПТЕРІ

Математика – нақты ғылым, бір қарағанда кездейсоқтыққа ешқандай қатысы жоқ. Бірақ, осы кездейсоқтықтың сандық сипаттамасын, ықтималдық ұғымын берген **математика ғылымы**. Ықтималдықтар теориясы өмірдегі кездейсоқтықтарды зерттеп, олардың заңдылықтарын ашады. Қазіргі уақытта ықтималдықтар теориясы басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыса отырып, қарқынды түрде даму үстінде. Жаңа теориялық нәтижелер ықтималдықтар теориясы әдістерінің қолданылуларына жаңа мүмкіндіктер ашуда, ал табиғат құбылыстарын жан-жақты зерттеу ықтималдықтар теориясын кездейсоқтықпен байланысты жаңа заңдылықтар іздеуге ұмтылдырады. Ықтималдықтар теориясының дамуына байланысты оның адамзат өмірінде қолдану мүмкіндіктері арта түсуде.

Жалпы алғанда ықтималдықтар теориясының әдістері ғылымның барлық салаларына өз үлестерін қосуда. Ықтималдық әдістер кеңінен қолданылатын ғылымдар ретінде физика, геодезия, өлшемдер теориясы, биология, медицина, экономика, әскери ғылым және космонавтика, лингвистика, психология және оқыту теориясы т.с.с. ғылым салаларын айтсақ та болады.

Қазіргі кезде ықтималдықтар теориясын оқып үйрену – заман талабы. Сондықтан

«Математика» және математикаға жақын мамандықтар мен экономикалық мамандықтардың барлығы жоғарғы оқу орындарында міндетті түрде осы курсты өтеді. Сонымен қатар мектеп бағдарламасына да аздаған элементтері енгізілген. Бұл курс балаларға математикалық білім беріп қана қоймай, олардың ойлау қабілеттерін арттырады. Сол себепті біз мектеп оқушыларының назарына бірнеше логикалық есептер ұсынып отырымыз. Ендеше іске сәт жас достар!

Есептер

1) Есікте 3 таңбалы код бар. Есікті ашу үшін үш кнопканы бірден басу керек. Бір реттен кодты табу мүмкіндігі қандай?

2) Жәшікте 1 ақ және 4 қара шар бар. Екі ойыншы кезекпен қайтарымсыз түрде шарларды алады. Кімге бірінші ақ шар түссе, сол ойыншы жеңеді. Ойыншылардың әрқайсысының жеңу мүмкіндігі қандай?

3) Лотерея ойнатылған. Ішінде ақшасы бар екі конверт ұсынылады. Олардың біреуіндегі ақша екіншісіндегі ақшадан екі есе артық. Конверттерді өлшеп көруге болмайды. Кездейсоқ бір конвертті ашып, ішіндегі ақшаны санайды. Одан кейін көп ақшаны алу үшін сол конвертті алу керек пе, әлде конверт ауыстыру керек пе екенін шешуге бола ма?



4) Алты сіріңке талынан 4 үшбұрыш тұрғызыңыз.

5) Үш есік бар. Біреуінің артында автокөлік, ал қалған екеуінің артында ешкі тұр. Ойыншыға бір есікті таңдау ұсынылады. Ол есікті таңдаған соң, жүргізуші (қай есікте не барын жүргізуші біледі) автокөлік жоқ есікті ашады. Ойыншыдан «Өзіңіздің таңдауыңызда қаласыз ба, әлде басқа таңдау жасайсыз ба?» деп сұрайды. Қай жағдайда автокөлік алуға мүмкіндігі жоғары?

6) Биржада баға алдымен 20 пайызға өскен. Одан соң 20 пайызға түсті. Нәтижесінде акцияның бағасы өзгерді ма? Егер өзгерсе, қанша пайызға? Ал егер алғашында баға 20 пайызға түсіп, содан соң 20 пайызға өссе не болады?

7) Өмірші Сұлтан SS-20 түрдегі 9 ракета сатып алған. Елді қорғау мақсатында ол ракеталарды шөл далаларға қояды бұйырған. Сұлтанның ақылшылары оған ракеталардың тиімділігін арттыру үшін әрқасысында 3 ракетадан болатындай ең көп қатар түрінде орналастыру керек деп кеңес берген. Сұрақ: 9 ракетаны әр қатарда үштен болатындай 10 қатар етіп қалай орналастыруға болады? Қатар- түзу, әрқайсысында 3-тен кем емес ракета бар.


8) Руслан банкке 100000 тг салды. Банк жылдық 9% үстеме қосады. Қанша жылдан соң оның ақшасы екі еселенеді?

9) Екі санды көбейтудің мынандай жолдарын қарастырыңыз: $12 \cdot 483 = 5796$. Мұнда барлық 9 цифр бірден кездеседі. Осындай тағы бірнеше мысал келтіре аласыз ба?

10) Бір тәулікте өндірілген аккумуляторлардың 10%-ы сапасыз болған. Егер кездейсоқ үш аккумулятор алынған болса, онда олардың үшеуінің де ақаулы болуының ықтималдығын табыңыз.

11) 6 сіріңке талының көмегімен бірдей 3 шаршы тұрғызыңыз (аздаған стандартты емес ойлар қажет болады).

12) Тізбекті жалғастырыңыз:



13) Егер 102 кіші, 114 үлкен дөңгелек және 132 руль бар болса, қанша трактор жинауға болады?

Айталық А мынандай тұжырым айтсын: «Мен жалған айттым, ал В жалған айтқан жоқ». А мен В-ң қайсысы жалған айтты?

14) Жартылай бос стакан – жартылай толы стакан дегенмен бірдей. Бос стакан – толы стакан дегенмен бірдей. Логикалық қателік қайда?

15) Табақтары мен 10 және 2 кг гирлері бар стандарты таразылар берілген. Осылардың көмегімен 3 кг өрікті қалай өлшеп алуға болады?

16) Үш қорапқа белгілі бір тәртіппен 1-ден 14-ке дейінгі сандар бөліп салынған. 1-ші қорапта: 6, 0, 8, 3, 9; 2- қорапта: 1, 7, 11, 4, 14; 3 -ші қорапта: 2, 12, 5, 10, 13 сандары орналасқан. Бұл сандар қандай заңдылықпен орналастырылды? 15, 16, 17 сандарын өз қораптарына орналастырыңыз.



Оспанова Г.Т.,
қазақ әдебиетінің тарихы
және теориясы кафедрасының
оқытушысы Г.Т. магистрі

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАР ҮДЕСІНЕ САЙ ЖЕТІЛДІРУ

Тәуелсіз еліміздің бағыты – өркениет биігінен көріну. Бұл – кез келген ұлттың басты мақсат, мұраты. Негізгі мақсатқа жету жолында еліміз әртүрлі кезеңдерді басынан өткізіп келеді.

Жоғарғы оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептер мен мекемелерде білім беру жүйесін заманауи талаптар үдесіне сай жетілдіру қажет. Оқытудың жаңа талаптарына бейімделген оқу үрдісін «Нәтижеге бағдарланған білім беру» моделіне бейімдеп ұйымдастыру, құзыреттіліктер түрінде қалыптастырылатын білім нәтижелерін айқындап, оған қол жеткізудің ғылыми-әдістемелік жүйесін ұсыну – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Енді технологиялардың тиімдігіне тоқталайық:

Ш.А. Амонашвилидің тұлғалық-ізгілендіру технологиясы оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін аша отырып, тәрбиелеу мен дамытуды, оның жүрегіне жол табуды, танымдық күшін дамыту мен қалыптастыруды, білім мен қабілетті тереңдететін және кеңейтетін жағдайлар жасауды, өзін-өзі тәрбиелеуді мақсат етеді. Танымдық оқуды, жазбаша сөйлеу қызметін дамытуды, лингвистикалық сезімді, қызметін жоспарлауды, шетел тілінде сөйлеуді, рухани дүниесін байытуды, әлемнің сұлулығын танытуды көздейтін бұл технология барлық жағдайлар арқылы ізгілендіре оқытуды негізге алады. Ш.А. Амонашвилидің тех-

нологиясы оқушының қызметін бағалауды бірінші орынға қояды. Сандық бағалаудан гөрі сапалық бағалауға (білім алушының істеген әрекетіне мінездеме беру, нәтижесін шығару, өзін-өзі бағалау мен сыйлауға үйрету) айрықша мән береді.

Дальтон технологиясы оқушының жеке дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Аталған технологияда материалдық-техникалық база негізгі рөл атқарады. Себебі теориялық және практикалық тапсырмаларды орындауға белгілі бір шарттар қойылады. Кез келген мекеменің материалдық-техникалық базасы аталған талапқа сай келе бермейді. Бұл технологияның кемшілігі болып саналса да, Дальтон технологиясы бойынша оқытын оқушылар уақыттарын жоспарлап үйренеді. Белгілі бір уақыттарға кітапханаға барып, материал жинақтау арқылы білімдерін тереңдете алады. Теориялық білімдерін лабораторияда іс-тәжірибеден өткізу арқылы практикалық дағдыларын қалыптастырады.

Ф.Ш. Оразбаеваның қатысымдық тұрғыдан оқыту технологиясы – қазіргі білім беру үрдісіндегі ең жиі қолданыста жүрген технология. Бұл технология тілді сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы меңгертуді көздейді. Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу де жүзеге



аспайды. Тілдік қатынасқа байланысты іске асатын сөйлесім әрекетінің бес түрі ғылыми айналымға енді. Бұл технология тіке байланыс, адамның жеке қабілетін ескеру, сөйлеуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау, сатылап даму, динамикалық өзгеру, өзектілік ұстанымдарын басшылыққа алып, қатысымдық әдіс арқылы тілді меңгеруді мақсат етеді.

Оқушының айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы – маңызды факторлардың бірі. Зерттеуші ғалымдар субъект әрекетінің ішкі қозғаушы күштері, яғни уәждері оның қоғамдық қатынастары арқылы да оқушылар арасында ынтымақтастық, сенім ахуалы қалыптасып, өзара сыйластық орнайды. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі – өнер. Сөйлеу әрекеті тек қарым-қатынас жүйесінде ерекше мәнге ие болады. Себебі тіл сөйлеу әрекеті арқылы танылып, іске асады, студенттің ойлау дағдысын дамытады. Қатысымның мақсаты мен міндеттерін анықтайтын тілдің әлеуметтік, танымдық қызметтері іске асырылады. Сөйлесім әрекеті ойды дәл, анық, әсерлі беруге септігін тигізетін барлық элементтердің жиынтығынан тұратын дұрыс жазу мен дұрыс айта білу дағдыларының нәтижесі болғандықтан, ол әрі күрделі, әрі айқын құбылыс.

Сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) қатысымдық бағытта өзара сабақтастыра оқыту, тілдік материалды жүйемен іріктеп, ыңғайлап меңгерту негізге алынады.

Тыңдалым бойынша оқушы мұғалімнің сөзін, сабақты түсіндіруін және студенттердің әртүрлі хабарламаларын тыңдап, оның мазмұнындағы негізгі және қосымша ақпараттарды түсіне алады. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде мәтінге баға беру, мәтінді қолдау, ризашылығын (қарсылығын) білдіру, таңданысын, қызуғышылығын, мақтаныш сезімін, өкінішін, қуанышын, ренішін, қорқынышын, үмітін білдіру, т.б. әрекеттерді жүзеге асырады.

Оқылым бойынша студент берілген тапсырмаға қатысты мәліметтерді алуға болатын әдебиеттерді, материалдарды және ұсынылған тапсырмаларды оқып, мазмұнын және негізгі тақырыбын түсінуге дағдыланады. Студент түсінгенін ауызша айтып, берілген сұрақтарға жауап беруге, сұрақ қоя білуге, өз ойын айта білуге, түсінгенін өз сөзімен әңгімелеп беруге жаттығады.

Айтылым бойынша сұхбат құру, мәлімдеме, баяндама, т.б. жасау, баяншыны қоштау

т.б. бағыттағы тапсырмаларды жүзеге асыра алады. Монологтік сөйлеуде студент берілген тақырып бойынша пікір айтып, оқыған немесе тыңдағаны бойынша жаттығулар орындайды. Мәтінде берілген тұжырым, пікірлерге, т.б. қатысты өз көзқарасын айта білуге дағдыланады. Диалогтік сөйлеуде студент баяншының ақпаратының мазмұнын түсіну, өткен тақырыптар бойынша пікір алысу, сөйлеушінің репликасына жауап қайтару, диалогті аяқтай білу, өзінің ойын айта білу және т.б. тәрізді жұмыстарды атқарады.

Жазылым бойынша оқушылар тапсырма мазмұнын терең түсініп, оны өз сөзімен жазбаша баяндай білуге, осы тақырып бойынша жеке көзқарасын, тұжырымын жазбаша сауатты жеткізуге, жиналған ақпараттар туралы өзінің пікірін хабарлап, қорытындылауға, реферат, баяндама, т.б. жазуға үйренеді.

Тілдісөім бойынша адамдармен қарым-қатынас жасауға, топ алдында сөйлеуге, өз пікірін дәлелдеуге, білім, білік дағдысын түрлі жағдаяттарда дұрыс қолдануға т.б. дағдыланады.

Белл-Ланкастерлік жүйе өзара қарым-қатынаста оқыту тәсіліне негізделген. Мұғалімнің басшылығымен ересек балалар, оның ішінде жақсы оқитындар сабақ өткізеді. Бұл әдіс жалпы сауаттылықты ашудың қажеттілігінен туындап, 1791 жылы алғаш рет Белл Индияда, Ланкестер 1801 жылы Ұлыбританияда қолданған. Осы әдісті пайдаланып, сабақ жүргізген студенттер (балалар) өз ата-аналарына сабақ берген. Бұл әдіс бойынша негізінен 10 оқушыға сабақ беру тиімдірек болған. Үлкен залдарда 100-150 адамға дейін білім алатын болған. Бірінші үлкен балалар білім алып, алған білімдерін кіші балаларға үйреткен. Одан осы балалардың ішіндегі ересектері таңдалып, олар кішілерді оқытқан. Оларды монитор деп атаған. Басқа жүйелерге қарағанда осы әдісті оқушылар тез қабылдайтын болған.

Қазіргі таңда бұл жүйе қайтадан қаралып, қолданыла бастады. «Монитор» қызметіне ие болған оқушыдан білімнің тереңдігі, топты ұйымдастыра алу қабілеті, сөйлеу мәдениеті, өз ойын еркін жеткізе білуі, т.б. қасиеттер талап етіледі. Кейде оқушыға мұғалімнің түсіндіргенінен гөрі, қатарлас баланың түсіндіргені анағұрлым тиімді болатыны да рас. «Монитор-оқушы» өз бетімен білімін жетілдіруге талпынса, басқалар соның дәрежесіне жетуге тырысады. Ал мұғалім бүкіл топты еркін бақылауға мүмкіндік алады. Бұл мұғалімге өзінің кейбір жіберген



қателігін түзетуге мүмкіндік береді. Монитор-студент топ алдында ұятқа қалмау үшін мұғалім берген тапсырмаларды ерекше қызығушылықпен орындауға талпынады.

Дамыта оқыту технологиялары. Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту; теориялық білімнің жетекші рөлі; оқу материалын жеделдете оқыту; оқу үрдісін оқушының сезінуі; барлық білім алушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу тәрізді ұстанымдарды басшылыққа алады [11]. Ғалымдардың зерттеулері оқу әрекеті және оның субъектісін қалыптастыруға бағытталған. Аталған технология білім алушыны бағдарлама бойынша тапсырманы орындай білуге, берілген тапсырманы жаттап алуға емес, оның мазмұны мен мағынасына мән беруге үйретуді көздейді. Тапсырманы мұғаліммен бірігіп орындауға, бір-бірімен пікір алмасуға, бірлесіп қорытындылап, бағалай білуге дағдыландыруды мақсат етеді, олардың өз бетімен ізденуіне жол көрсетеді. Бұл технология «оқушы мұғалімнің оқыту әрекетінің объектісі емес, оқудың өзін-өзі өзгерте алатын субъектісі болады» деген қағиданы негізге алады. Субъектісі болу дегеніміз – ол өзін-өзі өзгертуге қажеттілік болу және оған оқу арқылы қол жеткізу. Яғни, оқығысы келу, оқуды ұнату және оқи алу. Бұл жерде білімді игеру, іскерліктері мен дағдыларының қажеттіліктері жоққа шығарылмайды, алайда тек мақсат ретінде емес, оқушыны дамытудың өзіндік құралы ретінде ғана қарастырады. Мұғалім оқушының өз бетімен ізденуіне жол көрсетуі қажет. Дамыта оқыту технологиясы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына және оның өзіндік шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға баулиды, өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Бұл технологияда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда болады. Ол үшін оқушы осы уақытқа дейін өзінің алған білімінің жеткіліксіз екендігін сезінетіндей болуы қажет. Содан барып оның білім алуға деген ынтасы мен қызығушылығы артады. Сабақ оқу мақсатының қойылуы, оны шешудің жолдарын бірлестіре қарастыру, шешімнің дұрыстығын дәлелдеу тәрізді бөліктерден тұрады. Оқушы теориялық материалды жалаң, жаттанды түрде емес, қарапайым бақылаулар жасау, зерттеулер жүргізу арқылы меңгеруі керек. Дамыта оқытуда қойылатын сұрақтар

ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей проблемалық сұрақтар болуы қажет. Дамыта оқытуда сабақта жаңа материалды талдауға көп көңіл бөлінеді. Талдау ізденістен тұрады. Талдау жасау барысында мұғалім баланың ой-пікірін бақылауға мүмкіндік алады. Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім оқушыларды «жақсы оқитындар», «жаман оқитындар» деп бөлмей, барлық балалардың дамуы үшін жағдай туғызуды мақсат етіп қояды. Мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас ынтымақтастыққа, өзара сыйластыққа негізделеді.

Л.В. Занковтың педагогикалық жүйесі оқушылардың өзіндік дамуы мен оқыту барысының құрылуы арасындағы байланыстың сипаттамасын ашып көрсетуге бағытталған. Оны қызықтырған ең басты сұрақ – даму механизмі болды. Ғалымды баланың қандай болмасын жетістікке өз күшімен жететіндігі толғандырды. Л.В. Занков оқытудың күші жете ме? Ішкі факторлар баланың дамуына әсер ете ме? Деген сынды сұрақтарға жауап табуға тырысты.

Эксперимент жасау кезінде Л.В. Занков оқушыларды психологиялық тұрғыдан зерттеуге баса мән берді. Осының нәтижесінде ғалым оқытудың дамуға айтарлықтай әсер ететінін дәлелдеді. Оқытудағы өзгерістер студенттердің психикалық сұлбасын өзгертуге, баланың ішкі ерекшеліктеріне әсер ететіні, бірқалыпты оқыту барысында баланың өзіндік даму сатысы болатыны айқындалды. Ғалым ұсынған жүйеде психикалық даму басты орын алады. Психикалық даму дегеніміз ақылдың, еріктің, бала сезімдерінің дамуы, сонымен қатар, білімді, біліктілікті, ептілікті меңгерудің негізі ретінде қарастырылды.

Мұғалім студенттің көрген заттарын қалай қабылдайтынына да ерекше мән беруіне жіті көңіл аударады. Студентке университет бағдарламасын жақсы немесе нашар қабылдайтын адам ретінде ғана емес, өзіндік арманы, қызығушылығы, ой-толғамай бар, университетке тек білім алу үшін ғана емес, студенттік жылдарын толық және бақытты өткізу үшін келетін жан ретінде қарау керек.

Сабақта мұғалім мен студенттің сөйлеу арақатынасы алмасады. Дәстүрлі оқыту кезінде уақыттың көп бөлігі мұғалімнің сөзімен өтсе (сұрақты қайталауы, оқушылардың жауаптарын қайталау, жауапты есіне түсіруге көмектесу), яғни студенттердің сабаққа белсенділігін арттыру үшін керексіз сөздерді (ойланыңдар, тезірек т.с.с.) айтып,



түсіндіріп, өзі қорытқан оймен аяқталады. Л.В. Занков жүйесінде мұғалімнен үлкен өнер талап етіледі. Мұғалім өзінің жетекші қызмет атқаратынын ұмытып, баланың өз-өзін көрсетуіне мүмкіндік жасап, алғашқы кезден бастап баланы сабақта шала болса да, өз ойын, танымын, көзқарасын жеткізуге жетелеуі қажет. Сондықтан балаларға бір ғана жауап емес, түрлі жауаптары болуы мүмкін сұрақтар қойылады. Сонда әр студент өз түсініктерін, ойларын айтуға мүмкіндік алады.

Сабақта студенттердің белсенділігі артқанда жұмыстық шу, қарама-қайшылықтар, күлкі, әзіл де туындайды. Өйткені сабақта өзара қарым-қатынас, шынайы сөйлеу, пікір алмасу болады.

Бұл жүйенің тағы бір ерекшелігі – экскурсиялар ұйымдастыру. Егер мұғалім сабақтан тыс шараларды бағаламайтын болса, Л.В. Занков жүйесін іске асырған боп есептелмейді. Экскурсия студенттерге танымның қайнар бұлағы тек кітапта, мұғалімнің орта, табиғат, тұрмыстық мәдениет, әлеуметтік ортаның бала танымына әсер ететіндігін ескеру керек.

Ал үй тапсырмасы оқытуды ұйымдастырудың маңызды формасы ретінде қарастырылады. Өйткені үй тапсырмасы жазуды, оқуды үйретіп, дамытып қана қоймай, түрлі объектіні бақылауға, қандай да бір сұрақтардың жауабын анықтауға жетелеуі шарт. Ғалым үй тапсырмасы жан-жақты болса, білім алушыны жалықтырмайды деп есептейді.

В.Ф. Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы әрбір білім алушының психофизиологиялық механизмдерін жетілдіру арқылы олардың әлеуетін дамытуға болады деп есептейді. Бұл технология тірек сызбалар мен тірек конспектілерге сүйене отырып, жеделдете оқыту арқылы студенттің шеберлігін ашуды көздейді.

В.Ф. Шаталов әрбір студенттің өтілген теориялық материал бойынша дайындаған тірек сызбалары оның есінде жақсы сақталып қалатынын айтады. Оқушы өзіне қажетті немесе қиындық тудырған жайттарды ғана тірек сызбаға түсірді немесе конспекті етіп жазады. Бұл қажетті нәрселерді ғана сұрыптап алуға үйретеді.

Ұжымдық өзара оқыту технологиялары. В.К. Дьянченконың ұжымдық оқыту технологиясы жоғары сапалы нәтижеге қол жеткізу; алынған білімді бір-біріне сол сәтте және үздіксіз беру; оқушылардың өзара әрекеті

мен бірлігін қалыптастыру; жеке тұлғаны қабілетіне сай оқыту; әрбір білім алушының еңбегін педагогизациялау; тақырыптар мен тапсырмалардың әртүрлі болуын көздейді. Ұжымдық оқыту технологиясы студенттің өз ойын айта білуіне, басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білуге бағытталған. Топтық, ұжымдық және жеке студент арқылы да орындала береді. Студенттер өз қалаулары бойынша топ құра алады. Топтағы студент санына байланысты тапсырмалар саны анықталады.

Ұжымдық оқыту технологиясын үлкен тақырыпты өтіп болғаннан кейін пайдалануға болады. Ол үшін студенттерге бірнеше тапсырмалар беріледі. Олар кімнің мұғалім, кімнің оқушы болатынын өздері таңдайды. Технология былайша жүзеге асырылады. Мәселен, Бекболға мәтін беріледі. Ол сол мәтінді бірнеше бөлімге бөліп, бірінші бөлімін келесі студентке, кенжеге, ондағы сөз тіркестерін түрлеріне, құрамына, байланысу тәсілдері мен формаларына қарай талдап береді. Екеуі бірлесе отырып бірінші бөлімге ат қояды. Одан кейін Бекбол келесі балаға мәтіннің екінші бөлімін талдап, екеуі екінші бөлімге ат қояды. Екінші бала Бекболға өз тапсырмасын айтып береді. Бекбол мәтіннің үшінші бөлімін келесі балаға түсіндіреді, ол өзінікін баяндайды. Оқушылардың қызметі ауысып отырады, яғни олар бірде «мұғалім» болып түсіндірсе, бірде оқушы ретінде тыңдайды. Бұл өткен тақырыпты бекітуде және студенттің білімін бағалауда тиімді. Мұғалім тек бақылаушы ретінде қатысатындықтан, оқушының нені игеріп, қандай тақырыпты дұрыс түсінбегенін анықтауға мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасында осындай шетелдік тәжірибелер мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, әдебиетті оқытудың жаңа бағыттары белгіленді. Қазақ әдебиетін деңгейлік тұрғыдан оқытуға бағытталған оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленді.

Жоғары оқу орындарында, мектепте сапалы білім беру жүйесінің нәтижесінде қалыптасқан дара тұлға – қазіргі заман талабына жауап беретін, халықаралық стандартқа сай білімді меңгерген, өз ана тілін, әдебиетін, тарихын жетік білетін, бірнеше тілдерді меңгерген, өзін-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылатын, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан жан-жақты қалыптасқан ұрпақ. Осындай ұрпақты қалыптастыру үшін әлемдік білім беру үдерісіндегі жоғарыда аталған озық тәжірибелерді басшылыққа алу қажет.



Әдебиеттер

1. Өрінова Б.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Жазушы, 2014. – 123 бет.
2. Елеуенов Ш.Р. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы, 2006.
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж.Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар.- Алматы, 2014.
4. Жұмажанова Төкен Қонысбайқызы. Әдебиетті оқыту әдістемесі (Мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған). – Алматы: Білім, 2009. – 288 бет.

Дуйсебаева К.Д.,
Аймырзаева Г.С.,
Дуйсебаева Х.

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында

Н.Ә. Назарбаев

Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. География пәнінің басқа пәндерден ерекшелігі – мұнда оқушылар өздігінен ізденіп, білім дағдысын толықтыруға әртүрлі суреттер, сызбанұсқалар, карталармен көп жұмыстар жүргізуге ерекше назар аударылады. Олардың пәнге қызығуын арттырудың бір жолы – сабақта жаңа білімді меңгертуде оқушылардың өздерін белсенді қатыстыру. Сабақты жалықпай тыңдап көңілді отыруына, білім алуға ынталандыра түсуге жағдай жасау үшін сабақты түрлендіре, жаңа технологияларды пайдаланып өткізу қажет. Қазіргі жаңа педагогикалық технология географияны оқытуда Шаталовтың ұсынған әдісі негізінде тірек – конспект, диаграмма, график, логикалық тірек – сызбасы көбірек қолданылады [1]. «Еуразияның халқы және елдері» тақырыбын өткенде жаңа тақырыпты сызба жұмыстармен АКТ (Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) құралдарын пайдалана отырып презентация арқылы интерактивті тақтамен жұмыс жасау арқылы түсіндірген дұрыс.

Мысалы:



Осындай жобадә сабақ барысында бірнеше кесте, тірек сызбалар жасалады. Оқушылардың жаңа сабақты меңгеруіне Шаталовтың ұсынған әдістерінің пайдасы зор.

Бүгінгі таңда оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғы жоғары шарт-

тарының бірі әртүрлі инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады. Солардың бірі – ақпараттық технология. Ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың негізгі көзі сабақ барысында компьютерді пайдалану, интерактивті тақталарды қолдану болып табылмақ [2]. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. АКТ-ты игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті мәселеге айналды. АКТ-тың дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болуы қажет. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып келеді. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш-карталарына салып берудің тиімділігін білеміз [3].

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- интерактивті тақта;
- мультимедия;
- интернет кеңістігі;
- электронды оқулық.

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қол-



дану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;

Баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу [4].

Жаңа АКТ-ты сабақта пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;

- ақыл-ойын дамытады;
- шығармашылық белсендігін арттырады;
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;
- тіл байлығын жетілдіреді;
- жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Электронды оқулық география пәндері бойынша барлық оқушыларға арналып жасалған. Сондықтан күнделікті сабақта қолданамыз. Электрондық оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулықтармен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуге жол ашады. Электрондық оқулық оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу, т.б. бағдарламалардың жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді [5,6].

АКТ-сын пайдалана отырып, оқытушы төмендегі мақсатты қойуына болады: «География сабақтарында ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, өз бетінше ізденім-

паздықпен жан-жақты білім жинақтау қабілеттерін дамыту, өз жұмыстарына өзіндік сыни көзбен баға беруге дағдыландыру. Ақпараттық технологияны оқу процесіне енгізу жағдайында тұжырымдамалық негізін жасақтау және жүйелеу; оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетін дамыту, өз білімін өмірде пайдалануын білу; компьютер мен жұмыс істеу, логикалық ойлау, жан-жақты білім алу, есте сақтау қабілетін дамыту».

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясы» (СТО) стратегиялары география пәніне арналған деуге болады. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

СТО әдістерінің тиімділігі:

- сенімділікке тәрбиелейді;
- оқушының сабаққа белсенділігі артады;
- топтық тапсырмалар орындауға үйренеді;
- бірін-бірі тыңдауға үйренеді;
- негізгі жауапты айтуға үйренеді [7,8].

Бұл технологияны сабақта үнемі қолдану барысында бұрын сәтсіздіктен қашып, оқуға талаптанбайтын, ғылымның маңызын төмен санап, білімнің қажетін ескермейтін, құнды ақпараттарды енжар қабылдайтын оқушылар, әсіресе, үлгерімі орташа деңгейдегі оқушылардың сабаққа көзқарасы өзгереді. «Дүниежүзі елдерін даму деңгейі бойынша топтастыру» деген тақырыпты СТО әдістерін пайдалану түрінде оқушыларды топқа бөліп өткізуге болады.

Сабақ 5 аялдамадан тұрады.

1-аялдама «Ой қозғау» Сұрақ бойынша (интерактивті тақтадағы кестеге қарап) сәйкестікті табу, елдерді картадан көрсету, әр топ екі сұраққа жауап береді.

1 Сауд Арабиясы Оман Иран	2 Сингапур Ганконг Корея республикасы	3 АҚШ Ресей Канада	4 Индонезия Үндістан Бангладеш
5 Непал Үндістан Бангладеш	6 Боливия Ауғаныстан Қазақстан	7 Б.А.Ә Жапония Ұлыбритания	8 Малайзия Бразилия Швейцария

1. Мемлекеттер тікелей теңізге шыға алмайды.
2. Басқару формасы федерациялы елдер.
3. Бұл мемлекеттер арқылы Ганг өзені ағады.
4. «Азия Барыстары» деп аталады.
5. Аумағы үлкен мемлекеттер.
6. Бұл мемлекеттер бір түбекте орналасқан абсолютті монархиялы елдер.
7. Конституциялық монархия елдері.
8. Астаналары «Д» әрібінен басталады.

2-аялдама «Білім бөйгесі» Әр топ жұлдызшалар таңдап алады, онда сұрақтар жазылған. Тапсырма бойынша топ мүшелері жауап береді.

3 - аялдама
“Ойлы болсаң озып көр”
«Кім жылдам»

- 1.Елдерді жалпы топтастыруда қандай белгілер ескерілуі мүмкін?
- 2.Жалпы ішкі өнім дегеніміз не?
- 3.Дамыған елдер қалай жіктеледі?
- 4.Өтпелі экономика қандай елдерге тән?
- 5.Дамушы елдердің қандай топшалары бар?

3-аялдама бойынша, әр топтан ең жылдам оқушы жауап береді. Сұрақтар презентация (слайд) арқылы көрсетіледі.



4-аялдамада Дамыған елдерді (үй тапсырмасы ретінде әр топ презентация дайындап келген) топтан бір оқушы қорғайды.





5-аялдама әр топқа 4 түрлі семантикалық карта беріледі, («Елдерді дамуы бойынша

Елдер	Дамыған ел	Көлемі жөнінен үлкен	ТМД елі	«Азия айдаһары»	Нашар дамыған
Қытай					
Қазақстан					
Сингапур					
Лаос					
Италия					

Семантикалық картаны бекіту ретінде барлық оқушы орындайды.

Осындай сабақ барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрете-

тіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Қорыта келгенде география ғылымы өте қызықты да күрделі. Осы пәнге қызықтыру арқылы, оқушыға географияның күрделі құбылыстары мен заңдылықтар мен заңдылықтарын ұғындырып сапалы білім беру оқытушыдан үлкен шеберлікті оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педогогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді.

Әдебиеттер

1. «Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық-коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми-әдістемелік негіздері» – Алматы, 2006
2. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы / Егеменді Қазақстан, 28 желтоқсан, 2003.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогические технологии. – М., 1989.
4. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы.
5. Ақитбаев Е.Т. «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары», – 2006 ж.
6. «География және табиғат» ғылым педагогикалық журналы. – №1, 2, 3, – 2012.
7. Жүнісханов Қ. Бәсекелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу, – 2008.
8. Оқыту – тәрбиелеу технологиясы // 2010 – №3, 5, 2011 ж. – №5, 10.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ БАСТАУ КӨЗДЕРІ

Жалпы білім беретін он бір жылдық орта мектептегі жетекші пәндердің бірі әдебиет сабақтары болғандықтан, олардың оқу жүйесінен алатын орны да аса маңызды болып саналады. Мектептер алуан түрлі ғылым салаларынан бастапқы мағлұматтар берумен қатар, оқушылардың бойына ізгілік, мейірімділік, парасаттылық, кішіпейілділік сияқты адамгершілік қасиеттерді де егеді. Ал, ондай гуманистік өнегелер адам бойына ең алдымен көркемөнер туындылары арқылы дариды десек, олардың арасындағы аса қуатты, пәрменді тәрбие құралы әдебиет пәндері екендігін байқаймыз. Мұның өзі көркем әдебиет шығармаларын орта мектепте оқытудың өмір қажеттілігінен туатындығын көрсетеді.

Негізінен, пән ретінде әдебиет бесінші сыныптан басталады да он бірінші сыныппен аяқталады. Әдебиет пәндері халық тарихы, көркем әдебиет тарихы, әдебиеттану, тіл білімі, психология, педагогика, философия, эстетика – этика негіздері, жаратылыстану (география, биология, экономика, экология, т.б.) тағы басқа да ғылым салаларымен байланыстырыла оқытылады. Бұл талаптар әдебиет пәні мұғалімінің заманына сай жан-жақты хабардар (эрудит) және арнайы білім-білік қорының мейлінше мол болуын қажет етеді. Әрі әдебиет пәндерінің мектеп бағдарламасына орай қарастыратын, түсіндіріп ұқтыратын негізгі нысанасы көркем сөз өнері қазыналары болғандықтан, оны өнердің басқа да түрлерімен салыстырып оқытудың маңызы зор. Себебі, әдебиет пәндері оқушылардың адамгершілік, азаматтық келбетін қалыптастырып, қоғамдық орта жайлы пайым-түсініктерін тереңдетеді және күллі сұлулық, көркемдіктер әлемін танып білуіне есік ашады, жетелейді.

Филология факультетінің студенттеріне Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі курсы жоғары оқу орындарына қойылатын талаптар тұрғысынан ғылыми негізде және

жылдар бойғы жинақталған бай іс-тәжірибелік нәтижелер мен әдістемелік тұжырымдар ескеріле отырып оқытылады. Және де қазақ әдебиетінің орта мектепте жүргізілу тарихы мен теориялық тамырларын студенттер лекцияларды тыңдау үстінде қандай мәселелердің қозғалып жатқанын адаспай дұрыс аңғарып отыруы аса маңызды жай болып табылады. Сондықтан да оқу бағдарламасын түзген кезде оның тақырыптарының бір-бірінің заңды жалғасындай болып шығуына жете көңіл бөлінеді. Мазмұн сабақтастығы, мәселелердің туындау ретреттілігі сақталады. Ең бастысы, бағдарламаның мазмұндық-құрылысының дәріскерге әрі түсінікті, әрі ыңғайлылығына ерекше назар аударылады. Сонда ғана студент орта мектепте әдебиет пәнін оқыту әдістемесінің тарихы, даму арналары және оның өзге де толып жатқан тәсілдері, амалдары, жолдары жөнінде ғылыми жүйелі, тыңғылықты білім алады.

Жалпы, ғылыми жазу әдістері мен оқыту әдістері жайында пікірлер көп. «Әдіс» сөзі (грек тіл. Methods) жол дегенді білдіреді. Ол – таным, ережелер жүйесін және құбылыстарды зерттеудің амалдары мен табиғат заңдылықтарының, қоғам мен ойлаудың дамуының тәсілі. Ғылым мен тәжірибеде «әдіс» сөзі белгілі бір істі жүргізудің ыңғайын немесе шығармашылықтың, жұмыс-қызметтің түр ерекшеліктеріне қарай нақты ұғымға ие болады. Кез келген әдіс объективтілік пен субъективтіліктің бірлігін көрсетеді. Онда ғылыми-әдістемелік ізденістер негізінде пайда болған объективті шындықтың заңдылықтары мен құбылыстарын тани алушылық бар. Адам баласы өзінің заманалар бойғы даму жолында біртіндеп объективті әлемді зерттеп, жаңғыртып, өзгерту амалдарын игереді. Толып жатқан нақты ғылымдардың арнайы, бітім-болмыстары олардың мазмұнына негізделеді және жалпы әдеби-тарихи, саяси-қоғамдық, экономикалық, философиялық, жаратылыс-



танушылық әдістер болып бөлінеді. Бұл жердегі аса маңызды мәселе – экономика тек шарушылық-өндіріс саласы ғана емес, адамзат болмысының, тіршілігінің барлық қырларын қамтиды. Бір қарағанда экономиканың көркем шығармашылыққа, оны оқыту әдістемесіне қандай қатысы бар деп қаламыз. Аңдап қарасақ, тікелей қатысты екен! Себебі судың да сұрауы бар. Не нәрсені де үнемдеп пайдаланудың зияны жоқ. Өйткені «қорқа жесең қой қалады, тарта жесең тай қалады». Осы тұрғыдан келгенде, сөзді де оңды-солды шашып, рәсуә етуге болмайды. Әсіресе, көркем шығармашалық пен оқу-ағарту ісінде айтар ой-пікіріңді ұзақ-сонар қызыл езулікке салынбай, қысқа да нұсқа айтып жеткізуге дағдыланған аб-зал. Олай болмаған жерде жазушы дәм-тұзы жоқ, айтар идеясы бұлдыр әңгіме-повест немесе кебежедей-кебежедей романдардың сылдыр су авторы деген мазаққа қалады. Қалың оқырманның тауын шағып, жалықтырып жібергендіктен, бұдан әрі ондай жазушының шығармасын ешкім оқымайды. Тіптен, кейде жақсы шығарма жазса да. Сондықтан да «Краткость – сестра таланта» деп бекер айтылмаған ғой!

Мұның мұғалімдік-ұстадық қызметке де тура жанасатын тұстары көп-ақ. Сыныпқа немесе аудиторияға кіріп алып, өзін өзі қызықтап, жосылып жортақтай берушілік жақсылыққа апармайды. Нақты мәселеге көшудің орнына әдебиет пәнінің мұғалімі айнала төңіректен шапқылап жүріп алса, одан оқушы, студент тез жериді. Көп ұзамай-ақ мылжың мұғалім-лектор атанады. Ондай мұғалім не тақырыпты білмейді, білмейтін себебі орнықты білімі жоқ, не әдебиет пәнінің өзіндік ерекшелігінен, әдістемесінен мүлде бейхабар, дін аман. Екінші бірі. Оның бір-екі сағаттық көп сөзінен ештеме ұстап қала алмайсыз. Бұндай адамдар туралы николай Гаврилович Чернышевский (1828-1889) былай деген екен: «Просидишь два часа с иным человеком – и чувствуешь, что провел время недаром; находишь по окончании беседы, что или узнал что-нибудь новое, или стал яснее смотреть на вещи, или стал больше сочувствовать хорошему или живее оскорбляться дурным, или чувствуешь побуждение подумать о чем-нибудь. После иной беседы ничего такого не бывает. Поговоришь, кажется, столько же времени и, кажется, о тех же самых предметах, только с человеком другого разбора, - и чувствуешь, что из его рассказов не вынес ровно ничего, все равно, как

будто бы занимался с ним не разговором, а пусканием мыльных пузырей, все равно, как будто бы и не говорил. Неужели надобно объяснять, почему это так? потому, что один собеседник либо человек образованный, либо человек, издававший многое на своем веку и издававший не без пользы для себя, «бывалый» человек, либо человек, призадумывавшийся над чем-нибудь; а другой собеседник – то, что называется «пустой» человек. Неужели должно пускаться в доказательства и объяснения, что книги разделяются на такие же два разряда, как и разговоры? Одни бывают «пустые», – иногда с этим вместе и надутые, – другие «непустые»; и вот о непустых-то и говорится, что в них есть «мысль». Мы думаем, что если позволительно смеяться над пустыми людьми, то, вероятно, позволительно смеяться и над пустыми книгами; что если позволительно говорить: «не стоит вести и слушать пустых разговоров», то, вероятно, позволительно и говорить: «не стоит писать и читать пустых книг» [1, 91]. Міне, сөзді үнемдеп пайдалану деген осындайдан келіп шығады.

Ал, өз кезегінде мәнсіз, мағынасыздыққа қатты күйінген данышпан Абай:

Құр айғай бақырған
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен? – дейді [2, 267].

Осы жоғарыда келтірілген екі мысалдың екеуі де өнердегі ысырапшылдықты сынап отыр. Демек, ойсыздықтан, сөзқұарлықтан аулақ жүру керек. Құр текке көпіріп, күпсініп қызыл өңештікке салыну, ғылым-білімсіз, өнерсіз құр босқа айғайлап, бақырып шатылу кім-кімге де жараспайды.

Әдебиет пәнінің мұғалімі мен әдебиеттанушылар үшін ғылыми зерттеу объектісі ретінде көркем әдебиет, өнердің маңызды бір буыны саналады, өйткені ондағы әдеби көркем образдар объективті шындықты көрсетеді. Жазушы-суреткер өмір құбылыстарын енжар (пассив) түрде көрсетпейтіні белгілі, ол қоршаған ортаны әбден бақылайды, терең ұғуға ұмтылады, оларды ойша жинақтайды, өмір құбылыстарын типтейді, балайды. Орыс әдебиетшісі Н.Г. Чернышевскийдің сөзімен айтқанда өзінің эстетикалық, тәлімдік идеалдарына сүйене отырып, оларға үкім шығарады. Жазушы шығармашылық көркем әдістің негізінде шығарма тудырады. Өзіне ғана хас амалдар



арқылы шынайы өмір көріністерінің образ – бейнелерін, суреттерін жасайды. Әдеби-көркем шығармаларды қабылдай отырып, оқушы-оқырман суреткер бейнелеген тұстарды ғана меңгермейді, сонымен қатар, оның қалай суреттегенін, қандай сезім мен ойды жеткізгенін, таным әлеміне қандай жаңалық енгізгенін және де оқырманға қандай эстетикалық, тәлімдік үлгі көрсеткенін меңгереді. Оқырманның алғашқы қабылдауы субъективті болып келеді, ол оның өмірлік тәжірибесімен ішкі дүниесінің байлығымен, қызығушылығымен, талғамымен және де оның оқу мәдениетінің дәрежесімен байланысты, яғни оқу мәдениеті жоғары болған сайын оның шығарманы қабылдауы толығы, молая түседі, тұлғаның ішкі дүниесінің өсуіне әсер етеді. Оқу тәжірибесі оқылған шығармалардың санына негізделмейді, оның қабылдау сапасына байланысты. Оқу сапасының артуына көркем шығарманың мәнін, қызметін түсіну, оның даму үрдісінің заңдылықтарын игеру әсер етеді. Бұл білім әдебиет ғылымымен, теориясымен және тарихымен байланысты. Ғылым оқырманды тек қана әдеби фактілерді нақты біліммен байытпайды, сонымен қатар әдеби шығармаларды өз бетінше ғылыми талдауға септігін тигізеді, жазушы шығармашылығы мен әдеби үдерісті толығымен спецификалық әдеби әдістер арқылы меңгеруге жетелейді.

Оқытудың сәтті болуының алғашқы шарты – оқытушының оқушыларға жеткізуі тиіс мәселені алдымен өзінің толық меңгергендігіне байланысты.

Шын «мұғалім өз пәнін жетік білуі тиіс, тек сондай мұғалім ғана өз шәкірттеріне үлгі бола алады және қадірі артады. Әрине, мұғалім басқа қасиеттерге де ие болуы тиіс, бірақ оның білімділігі, білігі, балаларға айтатын материалын толық, жан-жақты білуі алғашқы қажеттілік болып табылады. Сондықтан да оқытушы қазіргі қоғамдық-саяси және әдеби мәдениеттің мәселелерімен толық таныс болуы керек және де қоғамдық әдеби үдеріске белсенді қатысуы тиіс. Бұл қатысулар мұғалімнің әдеби ізденістерінде жиі көрініп отырған. Олардың қазіргі әдеби үрдіске белсенді түрде қатысуы оның зерделі оқырмандарды дайындауына септігін тигізеді. Ал, жазушы өз оқырманының жүрегінен орын табуға, оның ішкі әлеміне әсер етуге ұмтылады.

Әдебиетті оқыту әдістері оқытудың мақсаты мен мазмұнына негізделеді. Бірақ, әрбір нақты жағдайда қандай әдістердің

оңтайлылығын мұғалім таңдайды. Мұғалім қай әдісті дұрыс меңгерсе, сол әдіс-тәсіл жақсы болып саналады. Шынында, тәжірибе жүзінде кейбір мұғалімдер әңгімені баяндау шеберлігін меңгерсе, екіншілері эвристикалық әңгімелесуді өткізуді, ал үшіншілері ұйымдастыру қабілеттерімен ерекшеленеді және олардың оқушылары да белсенді келеді, сабақ үстінде де және сабақтан тыс уақыттарда да өз бетімен жұмыс істей алады. Бірақ, сынып жұмысының қандай бір ғана ұйымдастыру түрі немесе бір ғана әдіс курстың мазмұнын меңгеруді шектейді. Тек қана әртүрлі әдістердің «жиынтығы» мазмұнның жан-жақты қырларын кеңінен қамтитын және әртүрлі танымдық қызметті жетілдіруге, оқушының дамуына терең білімге қалыптасқан білікке, сонымен қатар, ең маңыздысы, тұлғаны мақсатқа ұмтылушылыққа тәрбиелеуді қамтамасыз етеді. Сондықтан да мұғалім өзіне ғана ұнамды әдісті, үйреншікті тәсілдерді меңгермей, тәжірибеде дәлелденген және теорияға негізделген барлық әдіс-тәсілді меңгергені жөн. Бұлар әр мұғалімге тән «шығармашылық қолтаңба» деп аталатын жеке адамның ерекшелігін шектемейді, керісінше оның оқушыларды оқыту шеберлігін арттырып шығармашылық күшінің толық дамуына игі әсерін тигізеді.

Ал, әдебиетті оқудың қайнар көздері мен бастапқы әдіс-амалдары алуан түрлі болып келеді. Ең бастысы көркем әдебиеттің таңдаулы, тәлімдік-тәрбиелік мәні терең, еңбекқорлыққа, парасаттылыққа үндейтін үлгілерін оқыту орта мектепте әдебиет пәні арқылы жүзеге асырылады. Әдебиет пәнінің ең басты функциясы (қызметі) балаларды көркемдікті қабылдай білуге үйрету, сол арқылы жан дүниесі (психологиясы) сұлу, әдепті, жамандықтан аулақ жүретін, мейірбан, отаншыл қоғам мүшелерін, азаматтарын тәрбиелеу болып табылады. Ал, қазақ халқы өзінің болмыс-бітімі, ділі (менталитеті) жөнінен ерқашанда ұл-қыздарының инабатты, ұстамды, есті, өнерлі, еңбекқор, қайырымды, өнегелі болуын қалаған. Сондықтан, сан ғасырлық даму жолында үнемі әр замандағы оқу-білім қазыналарына жете көңіл бөліп отырған. Сөйтіп, оқып білім алудың алуан түрлі жолдарынан өтті. Бертінгі VIII ғасырдан бастап ислам дінін қабылдай бастады. Ислам наным-сенімдері қазақтардың ежелгі түркілік тәңірлік сенімдеріне үйлесе кетті, көп ұқсастықтары болды. Содан да қазақтар ислам дінін жатсынбай тез қабылдады.



Ал, ислам діні, мәдениеті, тарихы арқылы қазақ даласына көптеген әдеби көркем шығармалар келді (Діни әдеби кітаптар, қисса-дастандар, «Мың бір түн» әңгімелері, т. б.). Нәтижесінде, көптеген мектеп, медреселер ашылды. Олардың оқу құралдары, негізінен, әдеби көркем шығармалар болды. Сол келген жаңа оқу талабына орай, қазақ ортасында әдебиет пәнінің әдепкі оқытылу үлгісі былайша көрініс берді:

1 Қадым (діни) оқу.

2 Медреселік оқу.

3 Жәдит оқуы.

Осындағы бірінші аталған қадым оқуының басты міндеті ислам дінінің қағидаларын ұқтырып, мұсылманшылық үрдістерінен жан-жақты мәліметтер беру еді. Шарифат заңдарын үйретіп, ислам дінінің пайғамбарының өмірі мен хадистерін (айтқан сөздері, үлгі-өнегелері), сахабалары (пайғамбардың көзін көрген серіктері) мен жай жұртшылық ішінен бой көрсеткен әулие-әнбиелерге қатысты қызғылықты мистикалық оқиғалар баяндалған. Әрі өзге де пайғамбарлар (Ибраһим, Смайыл, Ысқақ, Мұса, Сүлеймен, Жүсіп, Иса, Мұхаммед т.б.) мен олардың сахабалары және өзге қарапайым жамағат арасынан шыққан әулиелер өмірінде орын алған, көрсетілген түрлі-түрлі кереметтер, алуан қилы оқиғалар өзек болып тартылған қисса-дастандар оқытылған. Бұлар аңлап қарағанда әдеби көркем оқу мәтіндері қатарына жатады.

Біздіңше, қазіргі кезде қадым (ертедегі) оқу түрі өзінің қайта жаңғыру (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, т.б. арасында) дәуірін бастан кешіп жатыр. Бұлай дейтініміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде (1991-2014) қазақ халқының ислам дініне жаппай бет бұру кезеңі басталды. Дін атаулыны жоққа шығарған кеңестік өкімет құлап, түркі халықтары (қазақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, әзірбайжан, қарақалпақ, қарашай, құмық, т.б.) коммунистік қызыл идеологияның кесірінен жетпіс төрт жыл бойына көз жазып қалған мұсылмандық ата-баба салт-дәстүрлерін еске түсіре бастады, исламдық наным-сенім талаптарын басшылыққа алуға кірісті. Мәселен, жер-жерлерде көптеген мешіттер бой көтеріп, олардың жанынан ислам діні қағидаларын түсіндіретін оқу курстары ашылған. Сондай-ақ, жоғары білім беретін ислам діні институттары жоғары білімді маман-теологтар дайындауға жол салынуда. Мұның бәрі – бүгінгі күннің шындығы.

Медреселік оқу (орта дәрежелі оқу): Уфа қаласындағы Ғалия медресесі, Семейдегі

Ахмет Риза медресесі, Қазандағы Мұхамедия және Тройцк, Орынбор, Бұқара, Хиуа, Ташкент, Самарқанд, Шымкент-Шаян, тағы басқа шаһарлардағы медреселерді атаймыз.

XIX ғасырдың бас шенінен бергі уақыттарда патшалық Ресейдің Волга (Еділ) бойы, Кавказ (Қойқап), Түркістан және Орта Азияның өзге де аймақтарында уақыт талабына сай жаңаша білім беретін мектептер пайда бола бастаған. Жаңа мектептер (жәдит) қадыми оқудың (діни) тәлім-тәрбиесіне кейбір өзгерістер, жаңалықтар енгізді (ана тілінде оқу, жазу, есеп, география, тарих, т.б. оқу пәндерінен бастауыш білім беру т.б.). «Жадид-и» арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі. Оқытудың бұл жүйесі «Усул жәдит» деп аталады. Усул-әдіс деген сөз, жәдит – жаңа. Сонда, «жаңа әдіс» болып шығады.

Осы жаңаша оқыту әдісі аз уақыттың ішінде Ресей империясының күллі мұсылман аймағына, тіпті, сонау Үндістанға дейін тарайды. Алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды Қырым татары Исмаил Ғаспыралы (Гаспиринский) бастайды. Исмаил Гаспиринский (1851-1914) тұлғасының қалыптасуына Қазан шаһрындағы оқымыстылар әл-Курсави (Әбді ан-Насыр бин Ибраһим Әбу-н-Насыр әл-Булғари-1776-1812) мен әл-Маржани (Шихаб ад-дин Харин бин Баха ад-дин Субхан бин Әбді әл-Кәрим-1818-1889) еңбектерінің ықпалы зор рөл атқарды. Сөйтіп, жаңа әдісімен білім беретін жәдит мектептерінің негізін қалаған кісі қырымдық татар Исмаил Ғаспыралы делінеді.

Жәдит (усул-жәдит – жаңа метод, әдіс) оқуы заман талабына сай өзге де физика, математика, биология, астрономия, химия, т. б. пәндерді оқытуды мұрат тұтты. Мұсылман балаларының дін оқуымен қатар, басқа да заманауи ғылымдарды да игеріп, олардың өмір талаптарына лайықты жат жұрттар біліп жатқан жаңа технологияларды игеріп, қатардан қалмауын көздеді. Шала сауатты (дүмше) молдалар оқуына сын көзімен қарап, өзге жұрттардан қалмау үшін жаңа үлгідегі еуропалық ғылымдарды біліп жетілуге шақырды.

Ал, біздің ойымызша, усул-жәдит оқуы тек XIX ғасырда пайда бола кетпеген, тамыры тереңде жатыр. Исламдық-мұсылмандық талап-тілектермен тығыз байланысты. Себебі, ислам діні әрқашан да білімді болуға, ғылымды игеруге үндеп отырады. Олай болатыны ұлы жаратушы Алла өзі жоқтан пайда қылған он сегіз мың



ғаламның құпия сырларын пенделерінің өз беттерінше зерттеп білуін қалайды. Қалай зерттеп жатқандықтарын бақылайды, қызықтайды. Демек, адамзат баласы ғылым салаларын неғұрлым жете игерген сайын, мейлінше терең ұғу арқылы Алланың құдіретін тани түседі. Білім қоры молайған сайын парасаты артады: менменшіліктен, астамшылықтан, атаққұмарлықтан, даңққұмарлықтан, таққұмарлықтан, көрсе қызарлықтан, пайдакүнөмдіктен бой тартатын болады. Өзінің де Алла жаратқан сансыз ғажайыптардың бірі ғана екендігін түсінеді. Соны ұғуға ақыл-ес бергендігі үшін Жаратқанға құлдық ұрады, ислам қағидаларына сөзсіз сенеді. Сондықтан, бір Аллаға сене отырып, оған тәуекел етіп, ғылым салаларын игеру, жер-көкті, әлемді зерттеу исламның басты шарттарының қатарына жатады. Демек, үнемі жетіліп отыру, жаңалықтан қашпау, жаңа оқудың соны әдістерін қолдана беру тым арыдан, ежелден келе жатқан ұсыныс-талаптар санатына кіреді.

Жаңаша оқып, тың жаңалықтар ашқан өз заманының мұсылманша усул-жәдиті оқуының оқымыстылары Әбунасыр әл-Фараби, Әбурайхан Бируни, Әбу Әли ибн Сина, Мұхаммед Хорезми, әл-Хорезми, тағы басқа да білімпаздардың ұлы еңбектері кейінгі ғасырлардағы дүниежүзілік ғылымның барша саласының жаңғыра қарыштап өркендеуіне негіз қалады.

Орта Азия мен қазақ даласы тұрғындарына ислам діні VIII–IX ғасырларда тарай бастаған десек, соған орай, араб дүниесінде қарыштап өркендеген ғылым жетістіктерімен, оның аса көрнекті ғұламаларының, педагог-психологтарының есімдерімен, құнды-құнды еңбектерімен танысудың реті жүзеге асты. Араб қарпін үйретіп, білім беретін оқу орындары – медреселер ашылған. Самарқанд, Бұқара, Хиуа секілді шаһарларда жоғары деңгейдегі білім-ғылым ғи-

мараттары жұмыс істеген. Бір ғана Ұлықбектің өңшең білгіш, әдіскер мұғалім-зерттеушілер сабақ берген медресесінің өзі неге тұрады! Ал оның аспан шырақтарының қозғалысын анықтаған және күннің шығып-батыуы туралы әрі жыл он екі айдың ұзақтығын дәл өлшеген обсерваториясын қайда қоямыз? Осының бәрі оқытудағы жаңашылдық, усул-жәдит әдісі емей немене?! Мінеки, осы исламдық шалқар өркениет табыстары ұлы далаға да кеңінен жол салды. Нәтижесінде қазақ арасында жаппай арабша-парсыша сауаттандыратын, мұсылмандықтың алғышарттарын ұқтыратын, Алланың бірлігін пайғамбардың өкілдігін негіздеп түсіндіретін ауылдық әдіскер молда-мұғалімдер көбейеді. Осыдан барып, молданың алдын көрген, өздерінің хал-қадірінше әліпті таяқ деп білген, шама-шарқынша кітап оқи алатын адамдар қатары молая түскен.

Сонымен, усул-жәдит (жаңа әдістеме) – XIX ғасырда аяқастынан пайда бола кетпеген, көнеден бастау алған бұрыннан бар оқу. Тек, ол орта ғасырдағы Крест жорығын ұйымдастырушылардың, христиандық инквизицияның, XIII ғасырдағы жабайы шапқыншылықтардың кесепатынан уақытша мүдірген еді. Міне, сол уақытша кідірген өркениетті жаңашылдықты кейінгі ғасырлардағы білікті азаматтар ілгерілетті, қайта жаңғыртты. Осылайша қайта басталған жаңаша оқу (усул-жәдит) әдістемесі жаһандық ғылымның соны табыстарымен байытылып, Орта Азия мен қазақ елінде кеңінен қанат жая бастады. Сөйтіп, Қазақстанда да XIX ғасырда еуразиялық жаңа үлгідегі мектептер: екі басқышты, төрт басқышты, орыс-түзем және кәсіптік-техникалық-реалды оқу түрлері пайда болып дамыды. Қорыта келгенде, қадым оқу әдісі десек те, медреселік оқу әдісі десек те, усул-жәдит оқу әдісі десек те – бәрі қазақ халқы үшін өте пайдалы оқулар болды.

Әдебиеттер

1. Чернышевский Н.Г. Литературная критика. В 2-х т. – М.: Худож. лит., 1981. – 336 с.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 694 б.



Хасанов М.Ш., профессор КазНУ имени аль-Фараби,
доктор философских наук
Петрова В.Ф., профессор ЕТУ, доктор философских наук

АЛЬ-ФАРАБИ О СУФИЗМЕ

Метафизика аль-Фараби была той фундаментальной методологией, на которую он опирался при изучении физики, астрономии, медицины, математики, политики, риторики. Именно здесь он четко формулировал методологические принципы исследования. К примеру, используя принцип монизма, он рассматривает важнейшую категорию онтологии - Единое как праматерию - аморфный, нерасчлененный субстрат, обретающий структуру благодаря движению и воссоединению с активным творческим началом. При рассмотрении этого вопроса Абу Наср не противопоставляет философию и религиозный мистицизм, хотя и указывает на принципиальную разницу их мировоззренческих, теоретических установок и практических целей. Так, в «Книге букв» аль-Фараби отмечает, что коренное различие между философией и религией заключается в том, что философия связана с идеей разума и научными методами познания, а религия основана на вере и приучает к рассмотрению умозрительных вещей при помощи «воображения и убеждения». Рассуждая далее, что «первее» – философия или религия, он, с одной стороны подчеркивает, что «философия предшествует религии», а с другой (в работе «О достижении счастья») – уточняет, что имеется в виду не хронологическая последовательность их возникновения, а значимость философии в сфере теоретического знания перед религией. Углубляясь в данную проблему, он находит много точек соприкосновения между философским и религиозно-мистическим (суфийским) отношением к миру, нравственности, человеку [1].

Суфизм – тайное, неоднородное религиозно-мистическое учение, появился «в миру» задолго до ислама, вобрав в себя

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ – ФУНДАМЕНТ ВЫСШЕГО ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Казахский национальный университет имени аль-Фараби – старейший классический вуз Казахстана. В 2014 году университет отпраздновал 80-летний юбилей со дня образования.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби (КазНУ им. аль-Фараби) – один из первых высших учебных заведений Казахстана. За 80 лет деятельности Университет внес большой вклад в становление и развитие экономики, политики, права, образования и науки, культуры Казахстана [1]. КазНУ им. аль-Фараби сформировался и по сей день остается крупнейшей кузницей кадров высшей профессиональной квалификации, одним из основных центров научно-исследовательской работы в Республике.

15 января 1934 года – день официального открытия Казахского государственного университета, образованного на базе педагогического института постановлением Совета Народных Комиссаров СССР и Казахского крайкома ВКПб. 2 декабря того же года КазГУ было присвоено имя известного советского партийного и государственного деятеля С.М. Кирова [2]. Тогда же, в январе 1934 года, были проведены первые приемные экзамены на физико-математический и биологический факультеты, в сентябре – на химический факультет. В 1937 году открылся первый гуманитарный факультет – иностранных языков, через год – филологический факультет. В мае 1941 года в результате присоединения к университету Казахского коммунистического инсти-

тута журналистики был открыт факультет журналистики [2].

После окончания тяжелых военных лет стали открываться новые факультеты. В августе 1947 года был образован географический факультет, в 1949 г. – философский и экономический факультеты. Следствием присоединения в 1955 году Алма-Атинского юридического института стало образование юридического факультета [3].

С 1991 года университет носит имя великого мыслителя Абу Насра ибн аль-Фараби, а с 1993 года, согласно Постановлению Президента Республики Казахстан №1059 «О статусе Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби» от 9 января 1993 г. [4, с. 5], обрел статус автономного самоуправляемого государственного вуза и стал называться Казахским государственным национальным университетом. Были сделаны первые шаги к внедрению международных требований подготовки кадров и созданию новой научно-инновационной инфраструктуры – это переход к двухступенчатой системе подготовки «бакалавриат-магистратура» и создание в составе университета сети НИИ и технологического парка.

25 июля 2000 года Постановлением Правительства Республики Казахстан было утверждено Положение об особом статусе Республиканского государственного предприятия «Казахский государственный национальный университет имени аль-Фараби» как автономного государственного высшего учебного заведения [5]. А 5 июля



2001 года Указом Президента Республики Казахстан «О предоставлении особого статуса отдельным государственным высшим учебным заведениям» Казахскому национальному университету имени аль-Фараби первому из вузов Казахстана присвоен особый статус национального университета [5].

16 сентября 2003 года в городе Болонье (Италия) КазНУ им. аль-Фараби подписал Великую Хартию университетов. Тем самым он первым среди вузов Казахстана и Центральной Азии проложил путь практического вхождения университетов центральноазиатского региона в мировое образовательное пространство.

В 2006 году КазНУ имени аль-Фараби стал первым в истории государства вузом – лауреатом премии Президента Республики Казахстан за достижения в области качества.

Следует отметить, что в ноябре 2008 года КазНУ им. аль-Фараби успешно прошел аккредитацию французского сертификационного органа Bureau Veritas certification.

КазНУ имени аль-Фараби - бессменный лидер в Генеральном рейтинге казахстанских вузов. По итогам 2009 года КазНУ имени аль-Фараби вошел в список 600 лучших из 16000 вузов мира по версии престижнейшего рейтинга университетов «Таймс». В 2010 году в очередной раз КазНУ им. аль-Фараби занял 1-е место в рейтинге лучших казахстанских вузов, подготовленном Независимым казахстанским агентством по обеспечению качества в образовании.

В 2012 году, согласно рейтингу QS World University Rankings, два университета из Казахстана впервые вошли в число топ-400 лучших вузов мира, тем самым показав большой прогресс с 2009 года, когда они впервые вошли в рейтинг. Следует отметить, что в данном списке МГУ (Московский Государственный университет) занимал 112-е место, а СПбГУ (Санкт-Петербургский государственный университет) – 251-е, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева – 369 место, а КазНУ им. аль-Фараби – 390 место.

В 2013 году КазНУ им. аль-Фараби продвинулся в международном рейтинге Webometrics Ranking of World Universities на 1000 позиций и стал лидером среди вузов центральноазиатского региона.

В 2013 году КазНУ им. аль-Фараби единственный из вузов Казахстана был

принят в программу Организации Объединенных Наций «Академическое влияние», учрежденную по инициативе Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна.

КазНУ им. аль-Фараби является флагманом высшего образования, в том числе и юридического. Подготовка юристов – одна из важнейших государственных программ, решение которой возложено на ряд ведущих высших учебных заведений Казахстана и прежде всего на Казахский национальный университет имени аль-Фараби, имеющий в своей структуре один из старейших юридических факультетов Республики.

История развития юридического образования в Республике Казахстан, несомненно, связывается с юридическим факультетом КазНУ им. аль-Фараби.

Юридический факультет Казахского национального университета имени аль-Фараби - преемник Алма-Атинского Государственного Юридического Института – первого юридического вуза в Казахстане, образованного в 1938 году.

В 1926 году в Кызыл-Орде было положено начало созданию в республике юридических учебных заведений. Это были юридические курсы, преобразованные затем в двухгодичную юридическую школу, впервые начавшую систематическую подготовку кадров – юристов.

Большое значение для юридического образования имело постановление ЦИК и СНК СССР от 5 марта 1935 года «О мероприятиях по развертыванию и улучшению правового образования», в котором предусматривалось, в частности, переименование института советского права в правовой институт.

Совнарком КазССР 28 апреля 1938 года принял Постановление о реорганизации Алма-Атинского института советского строительства в Алма-Атинский Государственный юридический институт с 4-годовичным сроком обучения. Эта дата и является днем рождения высшего юридического образования в Республике Казахстан.

Наибольшие трудности представляло укомплектование института квалифицированными преподавательскими кадрами. По просьбе партийных и советских организаций республики Управление учебных заведений Наркомюста СССР направило в 1938 году в Алма-Атинский институт на постоянную работу закончивших аспирантуру в Ленинграде Т.М. Культелеева и Л.Д. Дюкова, в 1939 году – А.Н. Агеева, окончившего



аспирантуру в Ленинграде; Шаламова М.П. и Хван В.А. – из Москвы. Для чтения отдельных юридических дисциплин НКЮ СССР направил в институт А.Т. Бажанова (из Казани), Т.Т. Москаленко (из Москвы).

В 1940 году был проведен первый выпуск юридического института, который составил 53 человек. В аспирантуре было оставлено 5 человек, в том числе 3 казаха. Остальные выпускники были направлены в судебные органы, прокуратуру, адвокатуру.

В 1941 году в Алма-Ату был эвакуирован весь профессорско-преподавательский состав Московского государственного юридического института со студентами. Произошло слияние АГЮИ и МГЮИ. За годы пребывания в Алма-Ате до эвакуации (в 1943 году) профессорско-преподавательский состав Московского института оказал большую помощь в развитии юридического образования и правовой науки в Казахстане [2].

В 1943-1944 учебном году КазНУ был отнесен к первой категории вузов.

В 1955 году Алма-Атинский государственный юридический институт был преобразован в юридический факультет Казахского государственного университета. Это позволило выше поднять уровень научной работы по юридическим дисциплинам, улучшить организацию учебного процесса, используя богатый опыт многочисленного профессорско-преподавательского состава университета [2]. На факультете работали преподаватели, стоявшие у истоков казахстанского юридического образования: С.В. Юшков, С.Л. Фукс, Л.В. Дюков, Т.М. Култелеев, С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, А.Н. Таукелев, В.А. Ким, Г.М. Степаненко, А.И. Беспалова-Тимохович, М.А. Ваксберг, Ю.Г. Басин, Б.Б. Базарбаев, У.К. Ихсанов, Г.И. Тулеуалиев, Т.Е. Каудыров и многие другие.

Деканами юридического факультета в разное время были С.З. Зиманов, Ваксберг М.А., Сартаев С.С., Абжанов К.А., Ургеншбаев К.С., Басин Ю.Г., Ударцев С.Ф., Сарсенбаев М.А., Жиренчин К.А., Каиржанов Е.И., Бектурганов А.Е., Байдельдинов Д.Л.

За прошедшие годы вчерашние студенты стали кандидатами наук и доцентами, докторами наук и профессорами, ведут кафедры и возглавляют факультет. Именно они продолжают сегодня образовательные и научные традиции своих учителей. Преемственность поколений сохраняется и в студенческой среде.

Конкурентоспособные выпускники юридического факультета не испытывают проблем с трудоустройством, а многие из них получили известность как политики и государственные деятели международного масштаба. Большинство выпускников юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби работают в Правительстве РК, Парламенте РК, Верховном Суде РК, Конституционном Совете РК, Министерстве юстиции РК, Генеральной прокуратуре РК, Министерстве внутренних дел РК, Комитете государственной безопасности РК.

Юридический факультет имеет постоянные международные связи с такими международными организациями, как представительство ООН в Казахстане, Фонд «Сорос-Казахстан», Региональное представительство Фонда Евразия, Айрекс, Фулбрайт, американская Ассоциация Адвокатов, Информационное Агентство США.

Факультет проводит постоянный обмен научно-педагогическими кадрами и стажировку молодых ученых в государствах ближнего и дальнего зарубежья (Россия, Кыргызстан, Узбекистан, Турция, Англия, США, Германия, Польша).

Факультет, выпустивший с момента открытия не одну тысячу специалистов, является ведущим центром страны по подготовке юристов высшей квалификации и неизменно сохраняет эту репутацию.

Международное сотрудничество в образовательной и научной сфере является одним из ключевых факторов интеграции университета в мировое пространство. Для совершенствования научно-инновационной деятельности юридический факультет поддерживает тесные связи с ведущими научно-исследовательскими учреждениями зарубежных государств: США, Англии, Германии, Турции, Польши, Болгарии.

В целях международной интеграции и интернационализации образования на юридическом факультете ведется работа по программе обмена студентов и получению двойного диплома с Российским Университетом дружбы народов им. Патриса Лумумбы (г. Москва, РФ); University of Social Sciences and Humanities Faculty Low (Польша, г.Варшава); Jesus college, Cambridge, United Kingdom; Немецкая школа предпринимательского права, Кильский университет (Германия); Университет Лодз (Польша).

Юридический факультет КазНУ им. аль-Фараби обладает огромным образователь-



ным, научным, инновационным потенциалом. За 80-летнюю историю развития юридического образования в Казахстане юри-

дический факультет КазНУ им. аль-Фараби всегда был, есть и будет фундаментом юридического образования.

Литература

1. Ахметова Л.С., Кусаинов А и др. Наш адрес – КазГУ: очерки. – Алма-Ата: Жалын, 1984. – 176 с.
2. Летопись Казахского национального университета имени аль-Фараби: в 3-х т. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
3. Казахская советская энциклопедия / гл. ред. М.К. Козыбаев. - Алма-Ата, 1963.
4. Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби / авт.-сост.: К.Н. Нарыбаев, А.Б. Дербисалиев и др. – Алматы: Издательство «Кайнар», 1994. – 79 с.
5. www.zakon.kz



Мадиева Г.Б.,

кандидат педагогических наук,
доцент кафедры физвоспитания и спорта

О СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ»

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби подготовка физкультурных кадров бакалавриата и магистратуры по специальности «Физическая культура и спорт» осуществляется кафедрой физического воспитания и спорта на базе факультета биологии и биотехнологии.

Образовательная программа «5B010800 – Физическая культура и спорт» введена в 2005 году. Обучение бакалавров проводится по очной форме обучения со сроком подготовки 4 года, на базе среднего профессионального образования – 3 года и по заочной форме обучения – 2 года с высшим образованием.

Образовательная программа «6M010800 – Физическая культура и спорт» введена в 2010 году. Обучение подготовки по научно-педагогическому направлению в магистратуре проводится по очной форме обучения со сроком 2 года.

Наша главная задача - подготовка высококвалифицированных, отвечающих самым современным требованиям специалистов в области физической культуры и спорта, имеющих полноценные интегрированные знания с базовыми дисциплинами, сформированные умения, навыки и высокую профессиональную компетентность в области физического воспитания, методик преподавания видов спорта, контроля и коррекции подготовленности школьников и спортсменов, необходимых преподавателю-тренеру.

К основным видам профессиональной деятельности выпускников по специальности физической культуры и спорта относятся образовательная (педагогическая) и тренерская (спортивная) деятельность. Бакалавр физической культуры и спорта может преподавать в дошкольных, школьных, средних профессиональных учебных заведениях (колледжах, гимназиях, училищах), детских спортивных школах и клубах; работать в фирмах, государственных учреждениях, органах управления физической

культурой и спортивной деятельностью; медико-биологических (разрабатывающих проблемы физического и психического здоровья), научно-исследовательских учреждениях физкультурного, спортивного профиля.

Обучение в КазНУ дает возможность получить престижное и востребованное образование на государственном и русском языках по очной форме обучения.

Студенты получают фундаментальную подготовку по медико-биологическим, профессиональным и общеобразовательным дисциплинам. Профессорско-преподавательский состав представлен лучшими научно-педагогическими кадрами республики (профессоры, доктора и кандидаты наук, заслуженные тренеры, мастера спорта).

В университете созданы все условия для получения элитного высшего образования, подготовки высококвалифицированных специалистов в области физической культуры и спорта. Кафедра располагает материально-технической базой (аудиторный фонд, компьютерные классы, современное оборудование для лабораторных работ по медико-биологическим дисциплинам, 6 спортивных залов по видам спорта, 3 тренажерных зала, 2 зала ЛФК, медицинский кабинет, стадион, 2 открытых спортивных площадок, лыжная база, теннисный корт).

Ежегодно увеличивается набор на первый курс. В настоящее время в университете обучаются студенты-спортсмены, среди них: 15 мастеров спорта международного класса; 40 мастеров спорта; 55 кандидата в мастера спорта.

Студенты и магистранты кафедры физвоспитания и спорта являются членами национальных сборных команд Республики Казахстан и имеют высокие спортивные достижения. Свое спортивное мастерство они совершенствуют на республиканских и международных соревнованиях разного уровня: чемпионаты РК, Азии, Мира, Европы, Азиатские игры, Всемирные студенческие игры.



В 2012 году студенты и магистранты Дильман Артур, Работа Олег (плавание), Пилипенко Роман (водное поло), Кожаметова Айман, Кожаметова Шолпан, Кичигина Галина, Шейко Георгий, Азарова Татьяна (легкая атлетика), Живица Юлия, Юнусбаева Джамияна, Алимжанов Эльмир (фехтование) принимали участие в Олимпийских играх в Лондоне. Следует отметить успешное выступление студентов университета и на Всемирной летней Универсиаде 2013 г. в г. Казань (Россия), где бронзовыми призерами стали Филиппов никита – легкая атлетика, Алимжанов Эльмир – фехтование; Ерболова Гульнур – поясная борьба. Чемпионами Кубка Мира по борьбе дзюдо 2013 года стали Жумаканов Елдос и Сметов Елдос.

На кафедре особое внимание уделяется подготовке сборных команд для участия и успешного выступления в Универсиадах

вузов РК. В 2013 году проводилась VII-я летняя Универсиада вузов Республики Казахстан, где сборная команда КазНУ стала трехкратным победителем Универсиады.

Кафедра физического воспитания неизменно сохраняет лидирующие позиции среди кафедр физического воспитания Республики Казахстан, поддерживает научные связи со многими зарубежными высшими учебными заведениями, такими, как Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, Владимирский государственный университет, Санкт-Петербургский государственный инженерно-экономический университет, Новосибирский государственный технический университет. Международные связи осуществляются в виде участия на конференциях, обмена опытом в педагогической сфере, научных занятий и консультаций, академической мобильности.



А.Ж. Жарболова,

з.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқығы
кафедрасының доценті

ҚАЗҰУ-ДА БІЛІКТІ ЗАҢҒЕР БОЛУҒА МАШЫҚТАНУ – БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жетілген ғылым мен білім жүйесі қалыптасқан ел ғана әлемдік өркениет көшінен қалып қоймай, өркендеп дамиды. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі де оның білім, ғылым жүйесінің дамуымен өлшенетіндігінде сөз жоқ. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деген сөзі осыны растайды. Сондықтан бүгінгі таңда мамандық таңдау, таңдаған мамандығына лайық білікті де білімді кәсіби тұлға ретінде адамды қалыптастыратын білім ордасын – оқу орнын таңдау өте маңызды және жауапкершілігі мол іс.

Қазақстан Республикасының заң білімінің даму тарихы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің дамуымен тікелей байланысты. Білікті заңгер-мамандар даярлайтын республикадағы алдыңғы қатарлы факультет болып танылу бір күннің ғана еңбегі емес, ол көптеген айлар, жылдармен келген маңдай тер, еңбектердің жемісі.

ҚазҰУ-дың заң факультеті ұлағатты өшпес тарихы бар және толыққанды өмір сүріп келе жатқан факультет. Осы факультеттің қабырғасынан түлеп ұшқан шәкірттер егемен еліміз – Қазақстанның іргетасын қаласуға өз үлестерін қосқан, қосып келе жатқан, тәуелсіз еліміздің заңдарын қалыптастыруға атсалысқан, есімдері елге әйгілі ұлы тұлғалар. Олардың қатарына қазіргі құқық қорғау органдарын басқарып, ұйымдастырып отырған Қ. Мами, И.И. Рогов, Б. Мұхамеджанов, А.Ж. Шпекбаев, Е.З. Тургумбаев, Р.Т. Тусупбеков, З.Б. Балиевалардың және т.б. есімдерін мақтанышпен айтуға болады. Ал осы шәкірттерге білім нәрін беріп, заңгер болып қалыптасуларына атсалысқан ұстаздар есімін қалай айтпай өтпеске?! Тәуелсіз Қазақстанның заң ғылымына еңбек сіңірген, аттарын алтын әріппен тарих беттеріне қалдыратын, «Ұстаз» деген ұлағатты есімге лайық ұстаз-заңгерлерімізді атап айтатын болсақ, С.З. Зиманов,

Қ.С. Сапарғалиев, С.С. Сартаев, Ю.Г. Ким, Г.И. Баймурзин, А.А. Ағыбаев, З.Ж. Кенжалиев, Е.Ф. Джакишев, С.Б. Байсалов, Қ.Х. Халиков, Н.Б. Мұхитдинов, З.К. Абдуллина және т.с.с. Бұл есімдер заң ғылымы туралы, заңгерлер туралы сөз қозғалғанда алдымен есімдері еске түсетін, қанша қайталанса да қадірін жоймайтын есімдер. Өйткені, бұл есімдер Қазақстанның заң білімінің іргетасын қаласуға атсалысқан, өздерінің ерен еңбектерімен әр шәкірттерінің аузында жүретін, тарих бетінде «алғашқы заңгер қарлығаштар» деп танылатын ұлы есімдер.

1952 жылдан бастап Алматы мемлекеттік заң институтына атақты заңгерлеріміздің бірі С.З. Зиманов директор болып келді. Салық Зиманұлы Зиманов Қазақстандағы заң білімдерінің дамуына өз үлесін қосқан азаматтардың бірі. Ол осы институттан таңдаулы деген шәкірттерін әрі қарай білімдерін дамытуға Москва, Ленинградтарға аспирантураға түсіріп, олардың әр қайсысын жеке-жеке қадағалап, көмектесіп, бітіріп шығуларына ықпал етті. Қазақстанда С.З. Зимановтың бастауымен ғылыми жинақтар жарық көрді. «Ученые записи» басылымында қазақстандық ғалымдар өз еңбектерін шығара бастады.

1938 жылы заң институтын құру барысында барлық курста 265 студент оқыса, қазіргі кезде – Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінде 2 мыңдай студент білім алуда. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті мемлекеттік заң институты негізінде құрылған кезінен бастап, осы кезге дейін елімізге мыңдаған жоғары білімді кәсіби заңгерлер даярлап берді деген сөз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде заңи кеңес беретін студенттер заң клиникасы ашылған. Заң клиникасы студенттерге, университет қызметкерлеріне, әлеуметтік жағдайы төмен қала тұрғындарына ақысыз түрде заңи кеңес береді. Бұл қазіргі жағдайға байланысты



өте құптарлық шара болып табылады, себебі, бұл заң клиникасы қазіргі уақытта жұмыссыздық мәселесі белең орын алып тұрғанда жұмыссыздарға, зейнеткерлерге заңи көмек көрсету орталығына айналды. Заңи кеңесті негізінен университеттің жоғары курс студенттері мен магистранттары береді. Заңи кеңес берушілердің көбісі әртүрлі заң саласы бойынша өтілімнен өткен азаматтар. Жас мамандарға, яғни заңи кеңес берушілер үшін қиын сұрақ туындағанда әрдайым заң факультетінің профессорлары мен оқытушылары көмек көрсетуге дайын. Заңи кеңес беру мына салалар бойынша жүргізіледі: қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек саласы, отбасы және некеге байланысты, әлеуметтік қамсыздандыру бойынша.

Заң клиникасында қызмет жасап жүрген студенттер үшін бұл үлкен тәжірибе жинайтын орталық болып отыр, әрине мұндай тәжірибе жинаған студенттер оқу бітірген соң ең қажетті мамандық иесі болатынына сенімдіміз.

Заң факультетінде 4 кафедра жұмыс істейді. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы алғашында 1938 жылы Алматы мемлекеттік заң институтының құрамында ашылған.

2011 жылғы дейін бұл кафедра мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы және Конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы болып екі бөлек қызмет етті. 2011 жылы қыркүйекте бұл екі кафедра бірігіп, біртұтас кафедраға айналды. Алматы мемлекеттік заң институтының құрамында мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының алғашқы меңгерушісі болып Н.И. Кондратова тағайындалған еді. Осы уақытқа дейін бұл кафедраларда С.С. Сартаев, Л.В. Дюков, Я.Н. Бельсон, В.А. Ким, К.Ф. Котов, Ө.К. Кобабаев, А.С. Ибраева, В.В. Нездемковский, К.С. Мауленов сынды белгілі ғалымдар меңгерушілік етті. 2011 жылы екі кафедра біріктірілгені бері тиісті кафедраға з.ғ.д., профессор Г.Р. Усеинова басшылық етеді.

Әр уақыттарда кафедрада ҚР ҰҒА академиктері з.ғ.д., профессорлар С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, М.Т. Баймаханов, С.Н. Сабиев, Ф.С. Сапарғалиев, т.б. қызмет атқарды. Сонымен қатар, кафедрада Б. Мұхамеджанов, М. Құл-Мұхаммед, Н.И. Акуев, Е.К. Нұрпеисов секілді мемлекет және қоғам қайраткерлері жұмыс істеген. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап кафедрада алғаш-

қы әрі соңғы Президенттік кеңестің мүшесі болып тағайындалған, 12 және 13 шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, «Құрмет Белгісі» және «Парасат» ордендерінің, «Международный профессиональный Знак почета» орденінің, «Даңқ» Қырғыз медалінің және бірқатар кеңестік және егемен Қазақстандық түрлі орден-медальдардың, белгілері мен құрметті атақтардың иегері ҚР ҰҒА академигі, з.ғ.д., профессор Сұлтан Сартайұлы Сартаев қызмет атқарып келеді. Сонымен қоса, 80-жылдардан бері кафедрада з.ғ.д, профессорлар З.Ж. Кенжалиев, В.А. Ким, А.С. Ибраева, Г.Р. Усеинова, т.б. қызмет атқарып келеді.

Егемендік алғаннан бері кафедрада оннан астам заң ғылымының докторлары, елуден аса заң ғылымының кандидаттары, PhD докторлары шықты. ҚазҰУ заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы студенттерге ең білікті, беделді оқытушы-профессорлардан дәріс алу мүмкіншілігін тудырады. Кафедрда жиырма жеті жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, Оның ішінде – 7 заң ғылымының докторы, профессор, 13 – заң ғылымының кандидаттары, 1 PhD докторы бар.

Еліміздің ғылымын, қоғамның түрлі салаларын дамыту бағытында аталмыш кафедра ғылыми ізденістер жасап, тиісінше ғылымның, қоғамның қарқынды дамуына өз үлесін қосуда. Бүгінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы мүшелері «Правовое регулирование миграционных отношений в условиях глобализации: теоретическая основа и практические проблемы», «становление и развитие системы конституционализма и защиты прав человека и гражданина в Республики Казахстан в условиях ускоренного инновационного развития», «Проблемы конституционного развития Казахстана как суверенного государства: прошлое, настоящее, будущее» тақырыптары бойынша іргелі ғылыми зерттеулердің орындаушылары болып табылады.

Қазақстанда заңгер мамандарды даярлауда тиісті кафедраның атқарып келе жатқан еңбегі орасан. ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы бірқатар шетелдермен білім және ғылым саласында халықаралық байланыстар орнатқан. Оның ішінде, бірқатар жақын және шалғай



шетелдермен (Ресей, Германия, Италия, Ұлыбритания, т.б.) ғылыми-оқытушылық мамандармен тәжірибе алмасады, жас ғалымдарды, білімпаз студенттерді шетелдерге стажировкаға, практикаға жібереді. Сондай-ақ, тиісті кафедра факультет студенттерінің ҚазҰУ-да жүріп-ақ біліктілігі жоғары шетел мамандарынан дәріс тыңдап, тәжірибе алмасуына жағдай тузығып, мүмкіндіктер жасап отыр. Ашып айтсақ, соңғы екі жыл ішінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының ұйымдастыруымен факультетке Ресейден з.ғ.д., профессор А.С. Автономов, Дағестан мемлекеттік университетінің «Обычное право» ҒЗЛ меңгерушісі, з.ғ.д., профессор М.А. Исмаилов, Германия тұрғыны Тарту университетінің (Эстония) профессоры, PhD докторы Томас Хоффман келіп, студенттерге тегін дәрістер беріп, біліктілігін арттыруға бағытталған түрлі ғылыми шаралар өткізуге үлестерін қосуда. Биылғы жылдың өзінде (2015 ж.) кафедра Ресей Федерациясынан профессор М.А. Исмаиловты екі аптаға емес тұтастай бір семестрге шақырып, заң факультетінде білім алушы жастарға білімдерін шыңдауға, тереңдетуге барынша мүмкіндік жасап берді.

ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы білім алушы тұлғаның жан-жақты дамуына, өзін-өзі жетілдіруіне қажетті жағдай жасау үшін бар күш-жігерін салып, студенттік өзін-өзі басқаруға, оның бойында көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеуге мол мүмкіндіктер тудыруда. Нақты атап көрсетсек, кафедрада студенттердің білімі мен біліктілігін көтеруге арналған ғылыми үйірмелер мен клубтар тұрақты түрде жұмыс істейді. Оның ішінде: Салық Зимановтың кіші академиясы, «Союз ради прогресса», «Студенты за повышения правовой культуры» үйірмелері, «Конституционалист», «Правовед», «Государствовед», «Мыслитель», «Бастау» клубтары, т.с.с. бар. Сонымен қоса, кафедра студенттердің үздік мақалаларын жүйелі түрде ҚазҰУ хабаршысы журналында, арнайы ғылыми шаралар (ғылыми семинарлар, конференциялар, деңгелек үстелдер, т.с.с.) материалдарында жариялап тұрады. Оған кез келген студент ғылыми еңбегін, мақаласын ұсына алады.

Кафедрада «Факультет түлектерінің қауымдастығымен» байланыс жоғары деңгейге қойылған. Сондай-ақ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық

және әкімшілік құқығы кафедрасы факультетте құрылған «Жұмыс берушілер Кеңесімен» үздіксіз жұмыс істейді. Тиісті кеңеспен байланыс жасау арқылы кафедра факультеттің жас түлектерінің жұмыспен қамтылуына бағыт, көмек беріп, жұмыссыз қалмауына өз үлесін қосып келеді.

Кафедраның басты ерекшелігінің бірі, тіптен артықшылығы деп те айтуға болады – кафедраның бірнеше магистранты екі дипломдық білім беру бағдарламасы бойынша бір мезгілде ҚазҰУ-мен қатар Ресей университетінің (РУДН) дипломын алу мүмкіндігін иеленді. Сонымен қоса, кафедра шегінде жағдайы нашар отбасынан шыққан үздік студенттерді қолдауға бағытталған бір реттік спонсорлық шәкіртақы тағайындау қалыпты жағдайға айналған. Мысалы, 2011 жылы кафедра 15 үздік студентке әрқайсысына 150 мың теңге көлемінде бір реттік шәкіртақы тағайындаған болатын. 2013-2014 оқу жылында кафедра 10 студентке көмек ретінде 2 млн шәкіртақы берді, оның 640 мыңы – білім гранты ретінде.

Заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасында білімді де білікті, еңбегі республикамен танылған ұстаздар еңбек етіп жатыр. 2006-2014 жылдар аралығында кафедраның оқытушылары профессорлар: З.Ж. Кенжалиев, А.С. Ибраева, Г.Р. Усеинова, Д.М. Баймаханова, А.Е. Жатқанбаева, доценттер Қ.Р. Усеинова, А.Б. Сманова, У.А. Ахатов ҚР Білім және ғылым министрінің шешімімен үздік оқытушылар болып танылды. 2008-2009 оқу жылының қорытындысы бойынша мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы «Жаңа технологияларды оқу үрдісіне енгізу жетістіктері» номинациясы бойынша Қаз ҰУ-дың ең үздік кафедрасы ретінде танылды. Оған қоса, университеттің бүкіл 63 кафедрасының 2013-2014 оқу жылында жасаған жұмыстарын қорыту нәтижесі бойынша мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы 2013-2014 оқу жылы нәтижесі бойынша екінші орынды иеленді.

Тиісті кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы студенттерді әзір тұрған білімді қолдана білуге ғана емес, жаңа білімге қол жеткізуге, бұрын болмаған жағдайларда тиімді шешім іздестіруге үйретеді. Демек, ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы ізденімпаздығы арқылы студенттердің тың мақсаттарға жетуіне жол ашады.



Қыдырмоллаева. Э.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
философия және саясаттану факультеті
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4-курс студенті

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС» – «ҚАЗАҚСТАН-2050 СТРАТЕГИЯСЫНДА» ҚОЛДАУ ТАПҚАН МАМАНДЫҚ

Әлеуметтік жұмыс қоғамдық өмірдегі құбылыс ретінде 100 жылдан астам уақыттан бері әртүрлі ғылымдардың зерттеу объектісі болып келеді. XIX және XX ғасыр шегінде көптеген Еуропа мемлекеттерінде (Ұлыбритания, Германия, Нидерланды, Швеция, Франция және АҚШ-та) қайырымдылық ұйымдарымен қатар дамыған кәсіби қызмет ретінде әлеуметтік жұмыс пайда болды. Ол кәсіби қызмет ретінде қайырымдылықтың және мұқтаждарға мемлекеттік көмек жүйесін құрудың дамуы нәтижесінде мүмкін болды. Оның XX ғасыр басында туындауы – адамзаттың қарапайым идеясын түсінгендігінің нәтижесі: мұқтаждарға көмек нәтижелі болу үшін, ол кәсіби болуы керек, бірақ бұл қорытындыға келу үшін мыңдаған жылдар қажет болды. Мұқтаж адамдарға білікті көмек көрсете алатындардың қажеттіліктері әлеуметтік қызметкерлердің пайда болуына алып келді. Мұқтаждарға кәсіби көмек көрсету мен адамдардың мейірімділік сезімінің дамуына үлесін қосқан қайырымдылық қызметі де қатар жүрді.

Ежелде туындаған қайырымдылық қызмет әрқашан мұқтаждарға қайтарымсыз көрсетілетін көмек деп қарастырылады. Бұл қызмет пен айналысатын адамдар материалдық емес моральдық жағынан қанағаттанды. Сонымен қоса олардан арнайы дайындықтар талап етілмеді, көп уақыттар шамасында мұқтаж адамдарға көмек көрсетуді олар артық деп есептелді. Қоғам біртұтас жүйе болғандықтан, әлсіз буынға көмек көрсету әлеуметтік біртұтастық, адамгершіліктің негізгі көрсеткіші болып табылады. Әлеуметтік ортаның даму деңгейіне сәйкес көмек көрсету формасы да қалыптасып отырады.

Әлеуметтік қызметтер – ізгілік пен теңдік қағидаларына, адам өмірінің түрлі салаларындағы білімге, әлеуметтік мәселелерді бағалау және қиындықтарды басынан кеш-

кен адамдарды қолдау икемділігіне негізделген, адамдар мен қызметтердің түрлі топтары арасындағы жаңа қарым-қатынас моделінде қалыптасқан маңызды кәсіби қызмет. Әлеуметтік қызметкерлер Халықаралық Федерациясының анықтамасы бойынша әлеуметтік жұмыс қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге, адамдар өзара қарым-қатынастарындағы мәселелерді шешуге және адамның бостандық пен лайықты өмірге құқығына себепші болады. Адамның мінез-құлқы мен әлеуметтік жүйелер тағылымына негізделіп келе, әлеуметтік жұмыс адам қоршаған орта мен өзара әрекеттестікте болғанда үдеріске қосылады. Адам құқықтары мен әлеуметтік әділеттік – әлеуметтік жұмыстың іргелі қағидалары.

Әлемде орасан зор әлеуметтік жұмыс тәжірибесі жиналған, оның ішінде көрсетілген халық тобымен де. Бұл салада отандық тәжірибе де аз емес. Қазіргі кезеңде еліміздегі әлеуметтік жағдай күрт өзгерді, әлеуметтік қарым-қатынасының өршу үрдісі ойлануды, жалпылама талдауды қажет етеді. Тұрғындармен әлеуметтік жұмыстың ғылыми негізделген тұжырымдамасын, әлеуметтік технологияларды, әлеуметтік жұмыс жүргізуде ұйымдардың түсінікті әрі сенімді тәсілдерді жасау қажет.

Әлемдегі тәжірибе дәлелдегендей, көптеген елдерде әлеуметтік қызметкерлердің есебінсіз әлеуметтік дамудың бағдарламасы да, мемлекеттің әлеуметтік саясаты да іске асуы мүмкін емес. Бұл саладағы мамандар, заңнамалық актілерді дайындауда, жергілікті билік орындары мен қоғамдық ұйымдардың шешім қабыдауында сарапшы қызметін атқарады.

Тәжірибе көрсеткендей (әсіресе бізде), адамдар көбіне көп не өздері, не отбасы мүшелері, не достары, не көршілері, не игі ниетті шенеуніктер де шеше алмайтын мәселелермен жиі ұшырасады. Бұл үшін ерекше мамандық иелері әлеуметтік жұмыс-



керлер қажет. Әлемнің көптеген елдерінде ғасырдың басында-ақ әлеуметтік жұмыс дербес мамандық ретінде қарқынды дамып, бұл салада кәсіби мамандар бітімі қалыптаса бастаған уақытта, Қазақстанда тоталитаризм жағдайында көптеген онжылдықтар бойы кеңес, адамның теңдесіз қамқорлықта екендігі мәлімделіп келді, сондықтан халықты әлеуметтік қорғаудың арнайы жүйесін құрудың мәні жоқ деп есептелді.

Бұл мамандықтың қалыптасуы өте қиын жағдайда өткен. 90-жылдар басынан мемлекет өзінің дамуындағы жаңа және өте қиын кезеңін – нарықтық экономикаға өтуді бастады. Бұл – үрдіс өндірістің тоқырауы, жұмыссыздық, мемлекет тұрғындарының көпшілігі табыстарының күрт төмендеуі, адамдардың азып-тозуымен сипатталатын қиын да ауыр процесс. Қазақстандағы күрделі экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдай, сонымен қатар адамға игеріп алу, бағыт алу, кейде жай ғана осы жағдайда жан сақтап қалуда көмектесуге қажеттілік

біздің мемлекетімізге әлеуметтік жұмыстың жаңа жүйесін құруды талап етеді.

Аталып өткендей, әлеуметтік жұмыс қоғамға қажет, заман талабына сай мамандықтардың бірі болып табылады. Бірнеше жылдар бұрын әлеуметтік жұмыс туралы қоғамда толық түсінік болмады. Қазіргі таңда әлеуметтік қызмет түрлері, әлеуметтік жұмыс мәні туралы халық ақпаратты күнделікті ақпарат көздерінен біліп отырады. Мамандыққа сұраныс та артып отыр, себебі әлеуметтік салада маманданған кадрлар қажеттілігі жұмыстың эффективтілігін арттыратыны белгілі.

Соңғы жылдары біздің республикамызда әлеуметтік жұмыс практикасы едәуір қарқынды дамыды. Әлеуметтік қызметкерлер дайындайтын кәсіби-педагогтік қызметтер дамып, әлеуметтік жұмыс және көптеген ұйымдар жұмыс істейді.

Әлеуметтік жұмыс адамдардың әлеуметтік өмірін талдап, олардың әлеуметтік өзара әрекеттестігін түзету мен жетілдіру тәсілдерін үйретеді.



Жауынбай Т.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

философия және саясаттану факультеті

әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4-курс студенті

АБИТУРИЕНТ ЖОЛДАСТАР, МАМАНДЫҒЫҢЫЗДЫ ДҰРЫС ТАҢДАЙ БІЛҢІЗ!

Әрбір адамзаттың алдында шешімін табуы тиіс күрделі сауалдар болады. Соның бірі мамандық таңдау. Бұл өмірдегі күрделі шешімнің бірі. Өз ісінді таңдар алдында қандай мамандықтар бар екендігін және бұл мамандықтың не үшін керек екендігін біліп алған жөн. Бұл сауалға жауап іздеу барысында, әрбір жан өзіне келесідей сауалдар қою қажет. «Маман иесі не істейді, оның қызметінің нәтижесі неге алып келеді, маман иесі қандай жағдайда жұмыс істейді?» деген сұрақтарға жауап табу керек. Себебі, біз өмірде неге қол жеткізгіміз келсе, таңдауымыз да сол мақсаттарға сай болуы тиіс. Әдетте көпшілік жандар жоғары еңбекақы алуды көздеумен шектеліп, «бұл жұмыс маған не береді?» деген ойдың орнына, «маған қанша табыс береді?» деген сауалмен болашағын анықтап жатады. Шындығында мұндай таңдау арқылы болашақ мамандығын айқындаған жандардың, келешегінде оған өз жұмысы қуаныш сыйлай алмайды, өйткені адамға ілгерілеу үшін даму, жаңашылдыққа ұмтылып отыру тән. Өзгеріске деген ұмтылысың қаншалықты күшті болса, сенің тұлғалық және кәсіби өзгерісің саған жұмысыңның жаңа мүмкіндіктерін ашып отырады. Адам жан дүниесінің қалауына сай келетін салада табысқа жетеді. Сондықтан мамандықты таңдағанда немен айналысқан қызықты, немен айналысқанда жан рақатына бөленесіз, соған назар аударған жөн.

Мұндай таңдау жасау, осыдан бірнеше жыл бұрын, менің де алдымда шешімі кезек күттірмейтін сауалдардың бірі болған. Неге екені белгісіз, алайда әрбір жанның жан дүниесі бала күнінен белгілі бір салаға деген құштарлығы және сол саланың аясында өзін жетістікке жеткен маман ретінде елестетуі арқылы түрлі армандармен жетелеп отырады. Дәл сол секілді, мен де бала күнімде, айналамдағы жандардың барлығымен тіл-

десіп, олардың баршасының қалауын орындайтындай жан болғым келетін. Үлкен әпкемнің «Мен дәрігер болу арқылы, әкеміз бен анамыздың ешқашан ауырмайтынына жауаптымын», ал екінші әпкем, «Мен ана-ма да, әкеме де ең әдемі киімдер кигіземін және оларға ешбір жанда қайталанбайтын үй жасайтын дизайнер боламын» деген армандарына таңырқап, іштей мен анам мен әкеме ғана емес туыстарыма да, көршілерге де сонымен қатар шалғайдағы өзім танымайтын көмекке мұқтаж кез келген жанға қуаныш сыйлайтын, ертегілердегі тілекті орындаушы кейіпкер сынды боламын деген балалық армандар маған қанат беріп отыратын. Уақыт өте келе, мен өмірде ертегідегі кейіпкерлердің барлығы бола бермейтінін түсіне, алдымда нақты бір қоғамда қалыптасқан мамандық таңдау керек екенімді түсіндім. Мен де сол сәтте, қаржыгер болу таңдауы тұрды, ойым мемлекеттегі қаржылық сектордың қыр-сырын терең меңгеру және көпшіліктің қалауын орындау үшін сенде қаржы көп болуы тиіс, ал олай болуы үшін сен сол саланың маманы болуын керек деп ойлаумен шектелдім. Бір қызығы, тест тапсырылғаннан кейін, грант үміткерлігіне төрт мамандықты таңдау барысында, мамандардың түсіндіруі негізінде үшінші етіп, «Әлеуметтік жұмыс» саласын таңдадым. Шыны керек, таңдау барысында бұл сала жайында толық ақпаратқа ие болмасам да, маған мамандардың, «Сен бұл саланы таңдау арқылы жетімдерге, жалғызбасты аналарға, жасы келген қарияларға, қоғамда көмекке мұқтаж кез келген жанға құжаттық кедергілеріне, алуы тиіс жәрдемақыларын алу жолында, тағы да өзге кедергілерін түсініп, көмек беруге қол жеткізесің және мемлекеттік сектордың кез келген саласында жұмыс жасау мүмкіндігі бар» деген түсіндірулері менің бұл саланы таңдауыма үлкен септігін



тигізді. Таңдау аяқталып, жауап шыққанға дейін мен интернеттен төрт мамандықтардың ішінен, «әлеуметтік жұмыс» осы бір саланы қараумен болдым. Шетелдегі бұл саланың үздік және үлкен сұранысқа ие, сонымен қатар дамуды көздеген кез келген мемлекетте бұл саланы дамыту міндетті екенін түсіне отырып, менің іштей тілектерімнің бірі осы бір мамандыққа түсем деген ойлар бола бастады. Нәтижесі де мен күткендей болды. Алайда, адамның ішкі жан дүниесінде қосымша сауалдар бітсін бе, сол кездің өзінде де, «мен бұл саламен неге қол жеткіземін» деген сұрақтар әлі де қанағаттана қоймады. Алайда Ұлттық университеттің білікті мамандарынан білім алу барысында, бүгінде мен таңдауымның

дұрыс жолда екенін түсіндім. Кейде балалық шақтағы арманымның қазіргі таңдауыммен байланысы маған үлкен қуаныш сыйлайды. Себебі қазіргі таңда, бұл саламен болашағымды үлен жетістіктермен байланыстырамын. Дамыған қоғамның өзі қазіргі таңда мемлекеттің негізгі құндылығы адам және оның қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Ф. Энгельс айтқандай, әрбір мамандықтың өз қызығушылығы болады. Менің мамандығымның қызығушылығы көп қырлылығы және сауапты істерге толы болуы.

Мамандық – бұл сіздің ақылмен сүретін өміріңіз. Өзіңізді қызықтырған саланы қорғай біліңіз және сонымен бірге өзіңіз де дамыңыз, сонда ғана биікке жетесіз.

«ВОПРОС-ОТВЕТ»

1. Грушина М.Б., Костанайская область СШ Затобольская №1

Здравствуйте, когда я могу подать заявление на участие в конкурсе по присуждению образовательного гранта?

Прием заявлений на конкурс по присуждению образовательного гранта проводится с 23 июля по 31 июля.

2. Таниева А.И., Ақтөбе облысы, М. Ғабдулин атындағы №3 мектеп-гимназиясы
Жатақхана беріледі ме?

Қазақстандағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз студенттерін 100% жатақханамен қамтамасыз етеді.

3. Бегежанова М.Н. Павлодарская область, школа-лицей №10 имени Абая.

Какой я должна набрать на ЕНТ проходной балл, чтобы поступить в КазНУ им. аль-Фараби?

Чтобы поступить в КазНУ имени аль-Фараби, вы должны набрать не менее 70 баллов и выше.



Калиева **А.Ж.**

старший преподаватель кафедры иностранных языков
гуманитарных факультетов

КазНУ им. Аль-Фараби a.jekenovna@mail.ru, 87772294415.

Story 1. One man bought a very clever parrot and sent it home to his wife as a birthday present. On the same day his wife went to a shop and ordered a chicken. She told their cook: "A bird will be brought for to-night's dinner, cook it."

The parrot arrived first, and was cooked. At 6 o'clock the husband came for dinner.

"What is this?" he asked when he saw the bird on the table. His wife explained the cook's mistake.

"This is awful," said her husband, "the bird was very expensive, it could speak five languages!"

"Then why didn't I say something?" asked his wife.

Story 2. A school master keeps his young pupil waiting for him in the library. When at last he comes he finds the child busy reading. The book which he is reading happens to be a dictionary.

"How do you like your book, my boy?" the teacher asks him smiling.

"I find the stories very fine indeed" says the boy ready to please his master, in spite of their being so uncommonly short."



- Сынок, как ты сдал экзамен?
– Неважно, но я знаю, что ты меня сегодня не побьешь.
– Как это?
– В прошлый раз, когда я получил 20 баллов из 100,
ты ударил меня 20 раз.
– А сегодня что?
– Сегодня я получил ноль баллов!
– ?!

Отец Вовочки звонит соседу:

- Вы уже сделали сыну домашнее задание по математике?
– Да.
– Дайте списать!

Учитель:

- А теперь я докажу вам теорему Пифагора.
Лентяй с задней парты:
– А стоит ли? Мы верим вам на слово.

- Урок геометрии в грузинской школе. Учитель:
– Валико, нарисуй равнобедренный треугольник.
Валико рисует. Учитель:
– Нарисовал? А тэпэр докажи, что он равнобедренный.
– Мамоу клянусь!

- Сын протягивает маме дневник и, глядя в глаза, говорит:
– Главное, что мы все здоровы, правда, мам?

Гаишник останавливает машину,
а за рулем оказывается его бывшая учительница.

Гаишник:

- Здравствуйте, Марья Ивановна, доставайте ручку, бумагу и пишите 100 раз:
"Я больше никогда не буду нарушать правила дорожного движения..."

Материалы составлены из интернет-ресурсов

